

**Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі  
Министерство образования и науки Республики Казахстан**

**Республикалық қосымша білім беру оқу-әдістемелік орталығы  
Республиканский учебно-методический центр  
дополнительного образования**

**Балалар көркемөнер мектептері мен балалар өнер  
мектептерінің сәндік-қолданбалы өнер бойынша үлгілік  
оқу бағдарламалары**

**Типовые учебные программы по декоративно-прикладному  
искусству детских художественных школ и детских школ  
искусств**

**Астана – 2013**

**Балалар көркемөнер мектептері мен балалар өнер мектептерінің сәндік-қолданбалы өнер бойынша үлгілік оқу бағдарламалары (бағдарлама) – «Республикалық қосымша білім беру оқу-әдістемелік орталығы» РМҚК. – Астана, 2013. - 182 бет.**

**Типовые учебные программы по декоративно-прикладному искусству детских художественных школ и детских школ искусств (программа) – РГКП «Республиканский учебно-методический центр дополнительного образования». – Астана, 2013. - 182 стр.**

Үлгілік оқу бағдарламалары Балалар музыка мектептерінің, балалар көркемөнер мектептерінің және балалар өнер мектептерінің үлгілік оқу жоспарлары мен бағдарламаларына сәйкес жасалды.

Үлгілік оқу бағдарламаларына қосымша білім беру ұйымдарының ерекшелігін ескере отырып, толықтырулар мен өзгертулер енгізу мүмкіндігі қарастырылған.

Типовые учебные программы разработаны в соответствии с типовым учебным планом и программам детских музыкальных школ, детских художественных школ и детских школ искусств.

Предусматривается возможность внесения дополнений и изменений с учетом специфики школ и организаций дополнительного образования.

*Республикалық қосымша білім беру оқу-әдістемелік орталығының  
әдістемелік кеңесінде қаралған  
(Хаттама № 2, 15.05.2013ж.)*

*Рекомендовано к печати методическим советом Республиканского  
учебно-методического центра дополнительного образования  
(Протокол № 2 от 15 мая 2013 года)*

© Республиканский учебно-методический  
центр дополнительного образования, 2013

## Мазмұны / Содержание

Кіріспе.....	4
«Ағашты көркемдеп ою» үлгілік оқу бағдарламасы.....	5
«Кілем тоқу» үлгілік оқу бағдарламасы.....	52
«Киіз басу өнері» үлгілік оқу бағдарламасы.....	68
Введение.....	91
Типовая учебная программа «Резьба по дереву».....	92
Типовая учебная программа «Ковроткачество».....	141
Типовая учебная программа «Войлочное искусство».....	159

## КІРІСПЕ

Сәндік-қолданбалы өнер – көп қолданылатын өнертанудың бірі, себебі бұл адамның идеялық бейнелеуіне байланысты жасалатын көркем өнер. Техниканы ұштастыру және материалдарды өңдеу арқылы көркем шығармашылық ерекше әсемдеп, мәнерлеп, сәнді зат жасауға болады.

Халықтық сәндік-қолданбалы өнер ежелгі дәстүрін сақтап, мыңжылдық даму жолын кешіп өтті.

«Қазақтар – тек ою-өрнек әлемінде өмір сүретін сияқты» деп, академик Әлкей Марғұлан айтқандай, халық мұрасындағы ұлттық өрнектердің үйлесімді рендерінде ата-бабаларымыздың тұрмыс-салт дәстүрі бейнеленгені шындық. Халықтың тарихын, шежіресін, жағрафиясын, мінезін, ерлігін дәл бейнелейтін ою-өрнек құдіретті өнер. Бұл өнер халықтың болмысымен бірге туып, бірге қайнасып келеді. Бұл өнер ұрпақтан-ұрпаққа тарихи, әлеуметтік, өнегелік тәжірибелер арқылы жалғасуда. Халықтың өнері сарқылмайтын қазына, оған үлкен қызығушылықпен қарай білсек, алуан түрлі жаңалықтар ашылады.

Қолөнердің ең көп тараған түрлерінің бірі – бұл ағашты көркемдеп өңдеу. Ағаш – адамның ежелгі жасыл досы, ата-бабаның қолға алған алғаш қаруы да, отыны да. Әрине, одан бері ағаштың міндеті, қызметі кеміген жоқ, жылдар өте одан әрі арта түсті. Әсіресе, қазақ халқының тұрмысында ежелден бері ағаштан жасалатын тұрмысқа қажетті бұйымдардың алатын орны ерекше.

Ағаш материалын өңдеу ағаш шеберінің, оюшының шеберлігімен тығыз байланысты. Ағаш материалынан әр түрлі заттар дайындалған. Олар: күнделікті қажетті заттар, сәндік безендірулер, тіпті сәулет құрылыс өнерінде абстрактылы өнер туындысы. Ерте заманнан жер шарындағы барлық халықтар ағаштан көркем оюлар жасаған. Үнемі ізденістің арқасында шеберлер тас жонғыш құралдарынан металл құрал жабдықтарына дейін жаңа технологиялар арқылы жаңа туындыларды игерді.

Сәндік-қолданбалы өнерді және көркем қолөнерді балаларға үйрету ағашты ою жұмыстарын жиі жасау арқылы балалардың сәндік-қолданбалы өнерге деген білімі жақсы дамиды. Ағашты көркемдеп өңдеу кезінде білім алушылардың Отанына, туған жеріне деген сүйіспеншілігін артыра отырып тәрбиелейді. Білім алушылардың бір-біріне деген сыйластығы, түсінушілігі одан әрі жақсара түседі. Бос уақыттарын тиімді пайдалануға көмектеседі.

## «Ағашты көркемдеп ою» үлгілік оқу бағдарламасы

### Алғы сөз

Қазақстан Республикасының Президенті Н.Назарбаев «Біз өз мәдениетіміздің құндылықтарын сақтай отырып, байыппен алға жылжи беретін боламыз» деп атап көрсеткен болатын. Қоғамдағы болып жатқан бетбұрыстар, саяси көзқарастар аясында қазақ елінің тарихын шынайы тұрғыда танып-біліп, салт-дәстүріне, рухани мұрасына қасиетпен қарау ерекше маңызға ие болып отыр.

«Болашақ – өткен тарихты білуден басталады» дейді Баласағұн бабамыз. Олай болса, тарихқа, тарихи бастауларға, мәдени мұраларымызға қаншалықты терең үңілсек, қоғамдағы қазіргі жағдайды соғұрлым жақсы түсінетін, білетін боламыз.

Сондай қажеттіліктің бірі – халықтың қолөнері. «Өнерден қуат алмаса, тіршіліктің шырағы өшеді» деп М. Әуезов айтқанындай, өсіп келе жатқан ұрпаққа өз халқының өнерін бойына сіңіріп өсу – педагогтердің қазіргі таңдағы кезек күттірмейтін мәселесі.

Қазіргі заманда әлеуметтік-кеңістік кеңіді, оның ішінде жастар әр түрлі мәселелерге кезігеді. Балалар мен жастардың қоғамдық ортада өз-өздерін көрсете білуі, өз беттерімен жол таба білуі, өз ойын білдіруі байқалады.

Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясының жанындағы жеке тұлғаны әлеуметтендіру институтының зерттеу қорытындысы бойынша білім алушылардың арасында бос уақытты тиімді пайдаланудағы қызығушылықтары қанағаттанбайды. Олардың зерттеуінше: 6% білім алушы

үйірмелерге қызыға барады, 15% білім алушы спортпен шұғылданады, тек қана 2% білім алушы мектептегі қоғамдық жұмыстарға араласады, 18% білім алушы компьютер ойнайды, 9 % білім алушы теледидар қарайды, 69% білім алушы өз-өздеріне көңіл бөлумен айналысады.

Көркемдеп ағашты ою жұмысы білім алушыларды өз бетімен еңбектенуге дайындайды. Жаңа технологиямен ағашты көркемдеп өңдеу, бұйымды көркемдеп, жобалап жасау, ағашқа көркемдеп ою салу арқылы білім алушы педагогтер мен құрдастарының арасында өзін-өзі көрсете алады.

### **Оқу пәнінің мазмұны**

**Бағдарламаның мақсаты:** Ағашқа ою салу өнеріне оқыту арқылы жеке тұлғаның әуендестік дамуын қалыптастыру. (білім алушының білімдік қажеттілігі, жеке қабілеті жас ерекшелегі ескеріледі)

#### ***Білімділік:***

- білім алушыларға оқыту аясында білім беру, тәжірибелік дағысы мен біліктілігін арттыру;
- ағаштан көркем өңдеу барысында қауіпсіздік ережесін сақтауды үйрету;
- өз-өзін кәсіби қалыптастыруға жағдай жасау.

#### ***Дамытушылық:***

- өз білімін жетілдіруге, алға қойған мақсатына жетуге, өз бетімен жұмыс жасауға, білім алушының қиялын дамыту;
- шығармашылық белсенділігін дамыту;

- құзыреттілігін дамыта отырып, керек мәліметтерді нақты таба білу, сәндік-қолданбалы бұйым жасауда бастаған жұмысын аяғына дейін жеткізуді дамыту.

***Тәрбиелік:***

- еңбекті бағалай білуге, жеке тұлғаны құрметтеуге тәрбиелеу;
- әр халықтың салт-дәстүрлерін бағалай отырып, өз елінің тарихи-мәдени құндылығын игеруге тәрбиелеу;
- білім алушыларды жауапкершілікке, еңбекқорлыққа, адалдыққа тәрбиелеу.

10-11 сыныптарға арналған «Ағашты көркемдеп ою» үлгілік оқу бағдарламасы ағашты өңду және материалтану негіздерін қамтиды, Қазақстан және Ресей жерлеріндегі ағашқа көркем әр түрлі ою салу тарихымен және оюлардың түрлерімен таныстырады, ағаш оюдың түрлі технологиясы мен ағаш мозаикасы жұмыстарының орындалу негізін береді, білім алушылардың алдында сәндік-қолданбалы мен халықтық өнердің әлеуметтік рөлін ашады, қолданбалы-суретшілер мамандықтарымен және олардың шығармашылық еңбектерімен таныстырады. Білім алу кезінде білім алушылардың өзін-өзі ұстай білуі, қауіпсіздік ережесін және өмір қауіпсіздігін сақтау туралы мәлімет алады.

Ұсынылып отырған үлгілік оқу бағдарлама білім берудің базалық мазмұнын, (тақырыптық мазмұны) оқыту жылдары бойынша жүктеменің бөлінуі, және дайындықтың міндетті деңгейіне қойылатын талаптың орындалуын қосады. Бағдарламада білім алушының жұмысына қарай бағалау көрсеткіштері

белгіленген. Сонымен қатар білім алушыларға қажетті және пайдаланылуға арналған әдебиеттер тізімі қоса берілген.

Ағашқа ою салу кезінде теориялық білім маңызды және тәжірибелік жұмыстар арқылы машықтану қажет. Сондықтан бағдарламадағы негізгі акцент білім алушылардың тәжірибелік дайындығына берілген.

Үлгілік оқу бағдарлама материалды сатысы бойынша меңгертуге есептелінген және тапсырманы дәйектілікпен қиындатуды қарастырады.

Ағашты ою технологиясы ерекшелігіне, ұсынымға байланысты бір топта бала саны –12-15 баладан аспау керек.

Педагог білім алушының дайындық деңгейі мен жұмыстың нақты жағдайын ескеріп, бағдарламаны шығармашыл түрде қолдануы керек.

### **Бағдарламаны қолдану аясы.**

Негізгі бағдарлама жасөспірімдермен қосымша білім беру жүйесінде жұмыс атқаруға арналған.

**Жұмыс ережесі:** аптасына 2 сағат

**Іске асыру мерзімі:** 2 жыл

**Көлемі:** жылына 68 сағат

**Білім алушылар бағдарламамен белгіленген оқу курсы аяқтағанда білуге міндетті:**

- жұмыс жасау барысында ішкі тәртіп, өрт қауіпсіздігін, өндірістік санитария және қауіпсіз еңбектің ережелерін сақтау;
- жұмыс орнын ұйымдастыру принциптерін;
- ағаш өңдеудің барлық негізгі операцияларын;



- ағаш өңдеуде қолданылатын станоктар мен электрқондырғылардың тағайындалуын (токарлық, фрезерлік, рейсмустік, бұрғылау т.б);

- ағаш ою және мозаика жұмыстарында қолданылатын негізгі және қосымша құралдарды;

- ағашты оюдағы түрлі оюдың көркемдік және техникалық тәсілдерін;

- ағашты әрлеу тәсілдерін – бояу сіндіру, ажарлау, сырлау, лактау, ысып жылтырату;

- композиция негіздері: жазықтықты сәндік безендірудің негізгі принциптерін;

- ағаш оюда қолданылатын өрнектердің түрлерін;

- туған жеріндегі ағашты көркемдеп өңдеу түрлері туралы негізгі мәлімет пен ерекше сипатты ;

- электр қуатын, материалдарды үнемдеп жұмсаудың тәсілдерін, құралдар, қондырғылар мен қосалқыларды ұқыпты қолдануды.

### **Жасай білуі керек:**

- оңтайлы жол арқылы жұмыс орнын дайындай алады және қауіпсіз еңбек ережелерін сақтайды;

- қажетті кескіш құралдарды қайрап, жөндей алады;

- ою салу, өрнекпен безендіру кезінде негізгі қол құралдарын қолдана алады;

- ағашқа геометриялық, контурлық, тегіс рельефті күмбездеп, бедерлеп оюдың ою тәсілдерін қолдана алады;

- өз бетінше оюға немесе мозаикаға арналған композицияны дайындап орындайды;
- ағашқа ою салу барысында барлық сатыларды жақсы меңгерген және бұйымдарға өңдеу жасай алады;
- құрал-саймандарды ұқыпты пайдаланады;
- электр энергия мен материалдарды үнемдеп пайдалануды біледі.

### **Пән бойынша білім жүктемесінің бөлінуі**

Бағдарлама бойынша сағат саны – 136 сағат

<b>Пән</b>	<b>Пән бойынша сағат саны</b>			
	<b>10 сынып</b>		<b>11 сынып</b>	
Сәндік қолданбалы курсы «Ағашты көркемдеп ою»	Аптасына	Барлығы	Аптасына	Барлығы
		1	34	1

### **Күтілетін нәтиже**

Екі жылдық «Ағашты көркемдеп ою» курсының оқу барысында күтілетін нәтиже:

- ағашқа көркем ою салу өнерінің әдіс-тәсілдеріне машықтанады;
- білім алушылардың көркем туындылар жасауға деген бейімділігін арттырады;
- жасөспірімнің сыныпта, топта беделі арта түседі;
- білім алушы өз жұмысының жоспарын құра біледі;

- білім алушының шығармашылық ойы, эстетикалық талғамы дамиды;
- білім алушылар мамандық таңдауда қателеспейді;
- білім алушы тұлғаның өзін-өзі тәрбиелеу негізін салады.

### **Негізгі бөлім**

Бағдарламада ағашты өңдеу кезінде жазық ою салу, жазық рельефті оюдың тәжірибелік сабақтары берілген.

**10 сыныпта бағдарламаның негізгі мақсаты:** білім алушыларды ағашты көркемдеп өңдеу мұрасымен таныстыру, дәстүрлі көркем өнерге деген сүйіспеншілікті ендіру, ағашты оюға машықтандыру, жергілікті көркем өнер дәстүрінде жасалатын өзіндік шығармашылық композициясын жасай білуді үйрету.

Алғашқы оқу жылында бағдарлама ағаш өңдеу мен материал тану негіздерімен таныстырады. Қазақстан Республикасы еңбекті қорғау және қауіпсіздік еңбек аясында теориялық білім береді. Ресей аймақтарындағы және Қазақстандағы ағашты оюдың даму тарихы мен оюдың түрлі технологиясы оқытылады.

Тәжірибелік сабақтар білім алушыларды теориялық оқыту үдерісі негізінде көркем бұйымдарды дайындауға қажетті дағды мен біліктілікті қалыптастыруға бағытталған.

Ағашты өңдеу кезіндегі ең негізгілерімен таныстырылады. Жаңа технологиялар арқылы ағашты өңдеу жолдары түсіндіріледі. Білім алушылардың теориялық алған білімін көркемдік тәжірибелік жұмыста пайдалана білуге үйретеді.

Білімді игеру нәтежесінде білім алушының өнегелі ой-өрісі, дене бітімі, эстетикалық талғамы және еңбек қасиеттері дамиды; шыдамдылық, жинақылық пайда болады.

Бағдарлама еңбек мәдениеті ережелерін дәл орындауға тәрбиелейді, шығармашылық тұрғыда қалыптасуға қажет етеді, білім алушылардың сызу, сурет, технология пәндерінен алған білімдерін жетілдіреді.

### **Білімділік:**

- көркемдік бұйым жасауда ағаштың эстетикалық және механикалық қасиеттерін пайдалануды үйрету;
- негізгі технологиялық әдістер және ағашты қолмен өңдеу кезіндегі қауіпсіздік ережесін игеру;
- әр түрлі құралдар және қондырғылармен жұмыс жасауды үйрету;
- геометриялық оюды орындау әдісін үйрену;
- ағашта жазық рельефті оюды орындау әдісін үйрету.

### **Дамытушылық:**

- білім алушылардың көркемдік-шығармашылық қабілетін дамыту;
- құралдармен жұмыс жасау қабілетін дамыту, заттың көлемді түрін көру;
- білім алушының қиялын, есте сақтау, затқа эмоционалды-эстетикалық қатынасын дамыту.

### **Тәрбиелік:**

- халық дәстүрін, туған жерінің тарихын дәріптеуге тәрбиелеу;

- халық шығармашылығына және халық шығармашылығындағы жаңа заманауи бағыттарына қызығушылық туғызу;

- шыдамдылыққа, жігерлікке, еңбекқорлыққа тәрбиелеу.

## **11 сынып**

Екінші оқу жылында білім алушылар ағашты оюдың қиын түрлерімен танысады: жазық рельефті, ағаштан мозаика құрау әдісін меңгереді.

**11 сыныпта бағдарламаның негізгі мақсаты:** білім алушылардың ағашты көркемдеп өңдеу білімдері мен дағдысын бекітіп, тереңдету, жаңа көркем қолөнерлеріне, мозаика құрау жұмыстарына деген қызығушылық пен сүйіспеншіліктерін арттыру. Ағашқа ою-өрнек салудың жаңа түрлерін үйрету.

Бағдарламаның екінші оқу жылында жазық рельефті оюды орындауды және оның түрлерімен таныстырады, мозаика құрауының жұмысы туралы тәжірибелік, теориялық білім беріледі. Ағашқа жазық рельефті ою және мозаика құрау даму тарихы меңгеріледі.

Ағашқа мозаика құрау – бұл сәндік қолданбалы өнердің бірі болып табылады. Өзінің эстетикалық әсерімен иемденеді. Ағаштың сәндік қасиеті мозаика құрауды кең ауқымда жаратуға мүмкіншілік береді, шағын жәдігерлер, жиһазға әшекейлер мен монументті панноларға дейін ағашты ою өнері де өзінің мүмкіндіктерімен бай және сан-алуан түрлі. Білім алушылардың қолымен жасалған бұйымдары өзінің қоғамдық пайдалы бағыты бар, олармен мектепті, үйді, т.б жерлерді безендіруге болады.

### **Білімділік:**

- ағаш тектерін ажырата білуге, ою салуға қажетті ағаштарды таңдай білу және оны сақтай білуге үйрету;
- ағашқа жазық рельефті оюдың технологиясын меңгерту;
- мозаиканы құрау технологиясын меңгерту.

### **Дамытушылық:**

- сәндік-қолданбалы өнердің әр түрлі бағытында шығармашылық даралықты қалыптастыру;
- білім алушылардың танымдық, шығармашылық қабілетін дамыту;
- білім алушыларға сөйлеу тілінде түрлі арнайы терминдерді меңгерту;
- халық шебері туралы түсінік қалыптастыру.

### **Тәрбиелік:**

- ата-бабамыздың өнері мен мәдениет негіздерінің білімін алу;
- білім алушылардың табиғат пен халықтық мәдениетке деген сүйіспеншілігін арттыру, ұлттық дәстүрге ашық дүниетанымдылығын қалыптастыру;

### **Бағдарламаның маңыздылығы**

Қазіргі уақытта жасөспірімдер компьютерлік ойындармен шұғылданады және көп уақытын компьютерге арнайды. Ол жасөспірімдерді тұйықтыққа, ашуланшақтыққа әкеліп соқтырады және құрдастарымен тіл табысуын қиындатады. Олар өз ойынан шығарған әлемде жүргендей сезінгендіктен, шындық өмірде өздерін қалай ұстайтынын білмейді, жұмысқа деген икемділіктері жоқ. Басқа дәрежедегі балалар да кездеседі, олар өз бетімен

жүрген, көбіне көше, подъезд аралаумен, қоршаған ортаны бұлдірумен уақыттары өтеді.

Бұл бағдарламаны меңгерген жасөспірімдердің өмірге деген көзқарасы өзгереді, басқа сөзбен айтқанда, сәндік-қолданбалы бұйымдарды жасау кезінде әр түрлі өңдерімен әуес болуы жасөспірім белсенділігінің дамуына жағдай жасайды. Сонымен қатар, шығармашылық пен танымдылық мотивациясы пайда болады, балаларды жалпы адамгершілік құндылықтарға қатыстыру қамтамасыз етіледі, өзін-өзі әлеуметтік, мәдени және кәсіби белгілеуге жағдай жасалады. Осы міндеттердің орындалуы қазіргі қоғамның ең маңызды мәселелерінің біріне жатады.

### **Бағдарламаның педагогикалық мақсаттылығы**

Бағдарлама білім алушыларға кең көлемді білім береді, көркемдік-шығармашылық жұмыстар жасауға қызығушылығын арттырады және машықтандырады. Білім алушылардың өмірге деген көзқарастарын кеңейтеді. Сонымен қатар бос уақыттарын тиімді пайдалану мәселесін шешуге мүмкүндік береді.

Бағдарлама үш бірлік өнер кеңістігінің міндеттерін орындайды: бейнелеу, сәндік және конструктивтік. Ағаш оюшы мен мозаика құраушының сурет салу қабілеті, көркемдік талғам мен ой ұшқырлығы, қол еңбегіне бейімділігі, шыдамдылығы, ойлау, сатылап және жүйелі әрекет етуі, өз ойынан көркемдеп бейне қосуы, қолөнерге икемділігі, көз мөлшері, түстердің бір-бірімен үйлесімділігін айыра білу қабілеттері болуы тиіс.

Ағаш ою сабақтарында тығыз пәнаралық байланыстың болуы тәжірибелік қолданыста және әрі қарай басқа да бейнелеу, сызу,

технология, физика және химия сияқты пәндер бойынша білімінің дамуына мүмкіндік береді.

Оқыту топқа бөліп жүргізіледі. Тапсырманың қиын орындалуы жеке-жеке анықталады. Оқу үдерісі барысында тапсырманың орындалуын бақылау және қажетті өзгерістер жүргізіледі.

Толық курсты өткен соң білім алушылар белгілі бір деңгейде білік пен білім алады, олардың кәсіби қабілеті артады, ағашты өңдеудегі дағдысы артады және болашақта өз кәсіби қызметіне сенімді қадам баса алады.

### **Бағдарламаның ерекше айырмашылығы:**

Бағдарламада ең қажетті базалық білім беріле отырып, қысқа мерзімде мозаика және ағаш ою техникасын меңгертеді, тапсырмалар көп уақыт пен шығынды және мүсіндеу бойынша кәсіби дайындықты қажет етпейтін қиын, оюлар аса көп берілмеген. Таңдап алынған оюлар сирек кездесетін ағаш түрлерімен арнайы құралдарды қажет етпейді.

### **Сыныптар бойынша күтілетін нәтижелер**

#### **10 сынып**

Осы бағдарламаны өту нәтежесінде 10 сынып білім алушысы **білуге міндетті:**

- қауіпсіздік техникасының негізгі ережелері және жұмыс орнын ұйымдастырудағы принциптерін;



- құрал-жабдықтарды сақтау орны, олардың жұмыс үстелінде орналасуы. Ағашты өңдеу және көркем өңдеу үшін тиісті құралдарды пайдаланудың қауіпсіз тәсілдерін;

- графика, графикалық бейне (сызба, эскиз, техникалық бейне) туралы негізгі түсінікті білу;

- материалдардың физика-механикалық, технологиялық, қуаттылық, экологиялық қасиеттерін білу;

- сызба және шаблон бойынша өлшеу әдістерін білу;

- электрқондырғылар мен станоктардың тағайындалуы мен құрылысын білу (ағаш өңдеуге арналған токарлық станок, бұрғылау, фрезерлеу, рейсмусстаноктары, электр қылсымды ара, электр бұрғы машинасы);

- контурлық, геометриялық және жазық рельефті, оюдың қарапайым элементтерін орындауға, техникалық әдістерін білу;

- ағашты әрлеу әдістері – әділеу, ажарлау, бояу сіңдіру, сырлау, парафиндеу, лактау, ысып жылтырату;

- туған өлкесінде ағашты көркемдеп өңдеудің түрлері туралы негізгі мәліметтер мен олардың ерекше сипатын білу;

- негізгі композиция: жазықтықты сәндік безендірудегі негізгі ұстаным, геометриялық және өсімдік тәріздес өрнектерін білу.

### **Жасай білу:**

- жұмыс орнын ұтымды ұйымдастыру;

- қауіпсіздік техникасы ережесін сақтау;

- техникалық суреттер, эскиз, сызбаларды оқып және оны орындай білу;

- ағаштың тегін және мүкістерін сыртқы келбетінен анықтай білу;

- дайындаманың өлшемдерін сызба және шаблон бойынша орындай білу;
- ағаш өңдеу құралдарының тағайындалуына байланысты қолдану, іске қосуды білу;
- ағашта қарапайым операцияларды орындауды білу;
- контурлық, геометриялық және жазық рельефті оюлардың қарапайым элементтерін орындау дағдысын игеру;
- дизайн арқылы ағашқа ою сала білу;
- өз бетімен оюға композиция құрастыру және оны орындау;
- электроқуат және материалдарды үнемдеу.

**10 сыныпта** оқытуға берілген құзыретті бағыт бойынша дайындалған:

**Жалпы мәдениет:**

1. Қоғамға игілікті жұмыс жасау.
2. Оюшының негізгі әлеуметтік мақсатын, мазмұнын, мәнін түсіну. Өз білімімен жоғарыға ұмтылуы.

**Кәсіптік:**

1. Ағаштан көркем бұйымдар жасауда технологиялық операцияларды орындау үшін өз бетімен жұмыс орынын, құрал-саймандарын, материалын дайындай білу.

2. Өз бетімен ағаштан қарапайым бұйым жасап, оны жазық оюлы және жазық рельефті оюмен сәндеп, әрлеу жұмыстарын жүргізуді білу.

3. Дайындалып жатқан бұйымның эскизін (сызу, техникалық сурет) дайындау.

## **11 сынып**

Бағдарламаны меңгерген 11 сынып білім алушысы **білуге міндетті:**

- негізгі композиция: жазықтықтағы сәндік безендірудің негізгі ұстанымын;
- оюдың түрлері және олардың ерекшеліктерін;
- маркетриді орындаудың негізгі әдістерін, үлгілік композициялар және оларды түрлі бұйымдарда орындауды;
- электрокуат, материал шығынын үнемдеу әдістерін, құрал-саймандарды, қондырғылар мен қосалқы құралдарды ұқыпты күтіп ұстай білу;
- қауіпсіздік ережесін, өрт қауіпсіздігін және жұмысты орындау барысындағы тәртіптерді сақтау.

### **Жасай біледі:**

- контурлық, жазықрельефті оюды және мозаика құрауды орындауын;
- ою салуға қажетті құралдарды қолдануды және оларды ұштап, қайрап дайындай біледі;
- бұйым жасаудағы қажетті құнын есептей біледі;
- өрнектердің элементтері мен үзінділерін мозаика құрау әдісімен және оюдың түрлі-түрлісін орындай біледі;
- құрал-саймандарды, қажетті жабдықтарды ұқыпты ұстай біледі.

«Ағашқа көркемдеп ою» бағдарламасын меңгерген мектеп бітірушісі төмендегідей (компетенция) құзыреттілікке ие болуы қажет:

### **Жалпы:**

1. Оюшы мен мозаика құраушы мамандығының әлеуметтік мәнісі мен маңыздылығын түсініп, оған тұрақты қызығушылықты білдіру.

2. Жетекшімен белгіленген мақсат және оған жету әдістерінен шығып, өз қызметін ұйымдастыру.

3. Жұмыстың жағдаятын талдау, ағымдағы және қорытынды бақылау жүргізіп, өз қызметіне түзетулер және бағалау, өз жұмысының қорытындысына жауапкершілікпен қарау.

4. Кәсіби тапсырманы бұлжытпай орындауына ақпаратты ізденісті жүзеге асыру қажет.

5. Өз кәсіби қызметінде ақпараттық-коммуникациялық технологияларды қолдану.

### **Кәсіптік:**

1. Жазық рельефті және жазық оюлардың тәсілдерін пайдалана алады.

2. Маркетри әдісінде мозаика құрау жұмыстарын орындау.

3. Халқымыздың ағаштан жасалған бұйымдарының көшірмесін жасай біледі.

4. Өз композициясымен әр түрлі көрмелер мен конкурстарға қатысу үшін көркем бұйымдар дайындай алады.

## Оқу-тақырыптық жоспар

### 10 сынып

Жылдық апта саны – 34 сағат

Аптасына – 1 сағ

№	Тақырып	Сағат саны		
		Теориялық	Тәжірибелік	Барлығы
1	Кіріспе	1		1
2	Ағаш өңдеу мен материалтану негіздері	4		4
3	Ағаша өңдейтін өндірістегі қауіпсіздік техникасы, еңбекті қорғау және санитарлық – гигиеналық нормалар.	2		2
4	Кескіш құралдарды жұмысқа дайындау		3	3
5	Жазық оюлардың (үшқырлы ойық) негізгі түрлері, оны орындау әдістері.	2	7	9
6	Ағаш оюда геометриялық өрнек. Үшқырлы ою бар күрделі емес бұйым жасау. (шығармашылық жұмыс)		7	7
7	Жазық рельефті ою. Жазық рельефті оюдың көркем-техникалық әдістері.	2	6	8
	<b>Барлығы:</b>	<b>11</b>	<b>23</b>	<b>34</b>

## **1-тақырып: Кіріспе бөлім.**

**Теория:** «Ағашты көркемдеп ою» курстың мақсаты мен міндеттерімен таныстыру. Сәндік-қолданбалы өнер туралы Халқымыздың қолөнері, оның түрлері және ерекшеліктері туралы әңгімелеу. Ағашты ою, ағашты көркемдеп өңдеу түрлерінің ең көне нұсқасы. Ерекше көркем кәсіп ағашқа көркемдеп ою салу Поволжье, Хотькова, Богородск, орыс Солтүстігі. Қазақстан аумағындағы ағаш оюдың стилистикасы мен рөлі.

**Тапсырма:** сабақтың қысқаша конспектісі.

**Мақсаты:** халқымыздың сәндік-қолданбалы өнері туралы деректерді ұсыну.

**Міндеті:** білім алушыларды кәсіптің әр аумағында ағашты көркемдеп өңдеу мұрасымен таныстыру. Бейнелеу сауаттылығы мен өнер тарихы жөнінде білімдерін тереңдету.

## **2-тақырып: Ағаш өңдеу және материалтану негіздері.**

**Теория:** ағаш, көркемдік мүмкіншіліктері мен қасиеттері. Қылқан жапырақты және жапырақ текті ағаштардың қаттылығы бойынша қасиеттері. Ағаштың кемшіліктері. Ылғалдығы мен оны кептіру. Оюды орындаудағы ағаш талшығы бейнесінің сипаты мен орналасуының маңыздылығы (үш бағытта қиылуы: талшық бойлай, кесе-көлденең және бұрыштап). Ағаш оюшы мен мозаикашының негізгі құралдары: кескіш, қашау, церазик, бұрыштықтар, клюкарза, пышақтар. Ағаш оюшы мен мозаикашының көмекші құралдары. Ағаш өңдеуде қолданатын станоктар мен механикаландыру әдістері. Өндірістік цикл. Ағаштан көркем бұйымдарды жасаудағы технологиялық үдеріс.

Әрлеу жұмыстары. Жұмысқа даярлау. Кесу құралдарымен жұмыс жасағандағы қауіпсіздік техникасы.

**Тапсырма:** конспект жүргізу.

**Мақсаты:** ағашпен сапалы және шығармашыл жұмыс жасау үшін қажетті базалық білімді хабарлау.

**Міндеті:** жаңа білім алу.

**3-тақырып: Ағаш өңдеу өндірісіндегі қауіпсіздік техникасы мен еңбекті қорғау және санитарлық- гигиеналық нормалар.**

**Теория:** Еңбекті қорғау Қазақстан Республикасының негізгі заңдарының бірі. Өндірістік-тазалық сақтау кесу құралдарын пайдалану кезіндегі қауіпсіздік ережесі. Ағашты өңдеу барысындағы қауіпсіздік ережесі. Өрт қауіпсіздігін сақтау. Құрал-саймандарды сақтау ережесі. Кесу құралдарын, электр құралдарын, желім т.б.пайдаланудағы арнайы ережесі. Ағаш өңдеу барысындағы электр құралын пайдалану қауіпсіздік ережесі. Оюшының арнайы киімінің болуы. Оюшының ою жұмысына байланысты жұмыс орнының болуы.

**Тапсырма:** конспект жүргізу.

**Мақсаты:** білім алушылардың қауіпсіздік ережесін сақтаудағы білімін нығайту, еңбек қорғау, санитарлық-гигиеналық ережесін сақтау, тәжірибелік жұмыстарда қолдана білу. Қауіпсіздік ережесіне байланысты тест жұмысын алу.

**Тапсырма:** ағаш өңдеу қондырғылар және кесу құралдармен қауіпсіз жұмыс жасауға жағдай жасау.

#### **4-тақырып: Кескіш құралдарды жұмысқа дайындау.**

**Тәжірибе:** барлық жұмыстың түрі педагогтің қадағалауымен жасалады. Кескіш құралдарды қайрау, және түзету жүргізіледі. Қиғаш жүзді пышақты дайындау, қайрау. Қашау мен пышақты сақтау және қайрау кезіндегі қаіпсіздік техникасы.

**Тапсырма:** кескіш құралды жұмысқа дайындау. Ағашты ою және мозаика жұмыстарын орындауға арналған әмбебап қиғаш жүзді пышақты дайындау.

**Мақсаты:** Ағашты ою кезінде пайдаланылатын жабдықтарды және оларды қолданудағы білімдерін нығайту.

**Тапсырма:** білім алушылармен құралдарды қол немесе механикаландырылған зімпара қайрақты қайрау дағдысын игеру (құралды алғашқы рет қайрау, қол қайрақ, ұсақ тас және былғары). Оюға арналған құралдарды қайрау және тегістеу барысында сақтайтын қауіпсіздік техникасы туралы білімдерін нығайту.

**Материалдар:** металл кесуге арнаған қол араның тілімі немесе ұстараның пышағы, пышаққа сап жасау үшін ағаш кесіндісі, пышақ-кескіш.

#### **5-тақырып: Жазық (үшқырлы ою) ою түрлері және орындау әдістері.**

**Теория:** Ою түрлері. Жазық оюлардың түрлері – геометриялық, контурлық, күмбез тәрізді (тырнақ тәрізді). Геометриялық оюдың элементтері. Күмбез тәрізді ою элементтері. Жазық оюды дәстүрлі түрде қолданатын кәсіпшілер (Вятка, Тверь, Архангельская губерния, Карелия және т.б).



Қазақ оюшыларының бұйымдарындағы геометриялық оюлар. Ағашқа түсірілетін геометриялық өрнектер (орнамент) өлшемдерімен танысу. Жазық оюды орындау үшін қажетті құралдар.

**Тапсырма:** Конспект жазу. Тақырып бойынша материал жинау (жазық оюдың элементтерін бейнелеу, оюланған бұйымдар түрлері, белгілі бір кәсіпшілікке үйлесетін композиция т.б.). Материал жинақтау кезінде қазақ оюшыларының еңбегіне тоқталу ұсынылады.

**Тәжірибе:** Жазық оюды орындау әдістерін өтеу (барлық түрлері). Кескіш құралдар және әрлеу материалдармен жұмыс жасаған кезде қауіпсіздік техникасын сақтау.

**Тапсырма:** Дайындама тақтайшада талшықты бойлай параллель сызық сызу (екіқырлы ойық), параллель сызық талшыққа көлденең орналасады, әр түрлі диаметрде шеңберлер (екіқырлы ойық), «дойбы» әдісімен ою, «тор етіп» ою әдісі, контурлық және күмбез тәрізді оюлардың элементтері – тырнақшалар, көздейшелер, шұңқыр, қабыршақ; геометриялық оюдың элементтері (үшқырлы ойықтар) – геометриялық элементтері бар оюлар (үшқырлы ойық) – бұрыш, үшбұрыш, төртқырлы ойық, сәулелер, шаршылар. Өрнектердің ою тәсілдері: сатылап, ирелек, сәуле, қазық және т.б. Өрнек «Сәуле шашу». Бір тақтайшада 2-ден 3-ге дейінгі жаттығулар орындалады.

**Мақсаты:** Көп ғасырлы көркемдеп ағаш ою мәдениетімен таныстыру. Жазық оюды ою кезінде тәжірибелік, теориялық білімдерін қорытындылау, бекіту. Білім алушылардың бойындағы бастапқы еңбек білімін қалыптастырып, дағдыландыру қажет.

**Тапсырма:** Ағаш ою құрал-саймандарын қолдана білуге үйрету. Жазық оюды орындау тәсілдерін үйрету.

**Материалдар:** Дайындама – тақтайша жапырақ текті (жұмсақ) ағаш, өлшемі: 250\*100\*20 мм, қиғаш жүзді пышақ, 5-10 әр түрлі диаметрдегі және түрлі радиуста қисық айшықты кашаулар, калька (бастыру қағазы), қарындаш.

**Жұмыс саны:** 3-4

**6-тақырып: Ағашты оюдағы геометриялық өрнек.**

**Үшқырлы оюы бар қиын емес бұйым жасау.**

**(шығармашылық жұмыс)**

**Тәжірибе:** Жазық оюды орындаудағы тәсілдерін жетілдіру. Өз ойынан шығарған эскиздерімен жұмыс жасау. Дайын бұйымды өңдеп бітіру. Кескіш құралдар және өңдеу материалдармен жұмыс жасау кезінде қауіпсіздік техникасы.

**Тапсырма:** Өңдеу тақтайшасын немесе ағаштан жонылып жасалған тарелкасын (дайындама) безендіру үшін геометриялық өрнектерден композиция құрып эскиз дайындау. Өңдеу тақтайшасын дайындап геометриялық оюмен әсемдеу. Кескіш құралдармен жұмыс жасау кезінде қауіпсіздік техникасын сақтау.

**Мақсаты:** Жазық ою туралы тәжірибелік және теориялық білімдерін бекіту.

**Тапсырма:** Әсемдік композицияға қатысты үйлестіру дағдысын дамыту. Ағашты көркем оюда композицияның ұғымдары туралы түсінік (ырғақ, симметрия, центрін шығару, тепе-теңдік т.б.). Ағашты оюда тәжірибелік дағдыға үйрету.

**Материалдар:** Жапырақ текті ағаштан өңдеу тақтайшаның (қарапайым қобдишаның) немесе тарелканың дайындамасы, жүзі қиғаш пышақ, калька, қарындаш, парафин немесе жылтыр емес лак.

**Жұмыс саны:**1

### **7-тақырып: Жазық рельефті ою.**

#### **Жазық рельефті оюдың көркем-техникалық тәсілдері.**

**Теория:** Жазық рельефті ою туралы түсінік. Жазық рельефті оюдың түрлері – дөңгеленген контурлы ою, айналасы дөңестеніп ойылған ою, айналасы жинақы болып ойылған ою. Абрамцев – Кудриннің оюы. Заманауи оюшылардың еңбектерінде Абрамцев-Кудриннің ою дәстүрлерінің сақталуы (Ағаш және сүйектен көркем бұйым шағаратын Хотьков фабрикасы).

**Тапсырма:** Конспект жазу.

**Тәжірибе:** Жазық рельефті ою әдістерін орындауды үйрену (барлық түрлері). Кескіш құралдарын пайдаланған кезде қауіпсіздік техникасын сақтау.

**Тапсырма:** Дайындама тақтайшасында сопақша оюдың үзіндісі орындалады. Жүзі қиғаш пышағымен сәндік кеспе тәсілдері орындауды үйрену (жапырақ, гүл, жеміс жіктері), қашау, бұрыштық, церазикпен орындалатын әсемдік кеспе тәсілдері үйретіледі. Кескіш құралдармен жұмыс жасау кезінде қауіпсіздік техникасын сақтау.

**Мақсаты:** Жазық рельефті ою туралы тәжірибелік және теориялық білімдерін бекіту.

**Тапсырма:** Жазық рельефті ою тәсілімен жұмыс жасауға машықтану.

**Материалдар:** Жапырақ текті ағаштан өлшемі: 250\*100\*20 мм. дайындама, қиғаш жүзді пышақ, түрлі диаметрдегі айшық тәрізді қашаулар жиынтығы, калька көшірме қағаз, қарындаш.

**Жұмыс саны: 2-3**

### Оқу-тақырыптық жоспар

#### 11 сынып

Жылдық апта саны – 34 сағат

Аптасына - 2 сағ

№	Тақырып	Сағат саны		
		Теориялық	Тәжірибелік	Барлығы
1	Кіріспе.	1		1
2	Жазық рельефті ою элементі бар ойылған шығармашылық жұмыс.		9	9
3	Қазақстанның халық өнеріндегі ағашты ою. Көркемдік әдіс – тәсілдердің ұлттық ерекшеліктері мен стилистикасын үйрену.	2	2	4
4	Ұлттық дәстүрге сай орындалған шығармашылық ою жұмыстары.		8	8
5	Ағаштан мозаика құрау өнері.	1		1
6	Ағаштан мозаика		5	5

	кұраудың техникалық әдістері.			
7	Мозаика құрау әдісіндегі өрнекті композициясы. (шығармашылық жұмыс)		6	6
	<b>Барлығы</b>	<b>4</b>	<b>30</b>	<b>34</b>

### **1-тақырып:Кіріспе.**

**Теория:** 11 сыныпқа арналған курстың міндеттері. Қажетті құрал-жабдықтар мен қондырғылар. Қауіпсіздік техникасы ережелерін, еңбекті қорғау және санитарлық-гигиеналық нормаларын қайталау.

**Тапсырма:** Конспект жүргізу.

**Мақсаты:** Білім алушыларды оқу жылында білім материалдарын сәтті игеруіне дайындау.

**Міндеті:** Алдағы курстарда «Ағашты көркемдеп ою» пәнінің күрделі міндеттерін түсіну. Жұмысқа еңбек құралдарын дайындау. Кескіш құралдармен жұмыс жасау барысында қауіпсіздік техникасын сақтау.

### **2-тақырып: Жазық рельефті ою элементтері бар ойылған шығармашылық жұмыс.**

**Тәжірибе:** Жасалатын бұйымның эскизін орындау. Шаблондарды қолдана отырып, салынған эскизге материал дайындау. Жазық рельефті ою мен бедерлі оюдың әдіс-тәсілдерін жасап үйрену (Абрамцев-Кудрин). Кескіш құралдар және өңдеу

материалдармен жұмыс жасау кезінде қауіпсіздік техникасын сақтау.

**Тапсырма:** Алдан ала жасалған эскиз бойынша ағаштан өз бетінше, абрамцев-кудрин оюымен сәнделген шағын бұйым жасау (шағын ожау, сәндік қасық). Кескіш құралдармен жұмыс жасау кезінде қауіпсіздік техникасын сақтау.

**Мақсаты:** Жазық рельефті ою туралы алған теориялық және тәжірибелік білімдерін бекіту .

**Міндеті:** Жазық рельефті (абрамцев-кудрин) ою әдісінде жұмыс жасау барысында дағдысын бекіту. Халықтық өнер негізінде өз бетінше шағын қиын емес композицияларды құрастыру дағдыларын, көркемдік талғамды дамыту – жеке тұлғаның жалпы міндеті. Оюшының кәсіби шебер ретінде жетілуі.

**Материалдар:** Эскизге сай алынған жапырақ текті ағаш дайындамасы (жұмсақ), қиғаш жүзді пышақ, түрлі диаметрдегі айшық тәрізді қашаулар жиынтығы, калька көшірме қағаз, қарындаш.

**Жұмыс саны:** 1.

**3-тақырып: Қазақ халық өнеріндегі ағашты көркемдеп ою.**

**Ағашты оюдың көркемдік-техникалық әдіс тәсілдерінің ұлттық ерекшеліктері мен стилистикасын оқып үйрену.**

**Теория:** Қазақ халқының өнері және оның ұлттық ерекшеліктері. Эстетикалық талғам және үй-ішін, тұрмыстық заттарды, киімді әшекейлеудің қажеттілігі. Ағашты ою – қазақ халқының ұлттық қолөнерінің ертеден келе жатқан көне түрі. Ағаштан жасалатын тұрмыстық заттар: азық сақтауға, киім-кешек

жинауға арналған сандық түрлері, киіз, кілем және төсек құралдарын жинауға арналған жиһаздар; астық, ағаш, қымыз шайқауға арналған құралдар; түрлі ыдыс-аяқ құралдары т.б. Ағаштан жасалған бұйымдарға салынатын өрнек композициялары. Инкрустация. Жазық рельефті және бедерлі оюдың ұлттық ерекшеліктері.

**Тапсырма:** Конспект жүргізіледі.

**Тәжірибе:** Ағаштан жасалған тұрмыстық заттар және ойылып жасалған бұйымдар өрнегі бойынша материал жинақтау.

**Тапсырма:** Оюға қолданатын өрнекті графикалық бейнесін салып орындау.

**Мақсаты:** Қазақ халқы өнерінің ұлттық ерекшеліктерін оқып үйрену. Қазақстанда ағашты ою дәстүрі мен ерекшеліктері туралы білімдерін бекіту.

**Міндеті:** Білім алушыларды қазақтың халық мәдениетінің қалыптасуы туралы қарым-қатынасын таныту. Қазақ халқының ағаш оюға қолданатын өрнектерінің түрлері, оның композициясы, құрылымы, символикасы туралы түсінік қалыптастыру.

**Материалдар:** Сурет салу дәптері, калька, қарындаш.

#### **4-тақырып: Ұлттық дәстүрге сай орындалған оюланған шығармашылық жұмыс.**

**Тәжірибе:** Жасалатын бұйымның эскизін дайындау. Шаблондар арқылы материалға дайын эскизді бастырып бұйымды жасау. Ұлттық дәстүрге сай оюды орындау әдістерін үйрену. Кескіш құралдар және өңдеу материалдармен жұмыс жасағанда қауіпсіздік техникасын сақтау .

**Тапсырма:** Алдын ала жасалған эскиз бойынша қазақ халқы дәстүріне сай өз бетінше ағаштан шағын бұйым жасап шығару (мәселен: ожау). Сәндік есебінде қазақ халқының ою-өрнектерінің негізгі элементтерін қолдану керек (мүйіз тәрізді имектер, ирек тәрізді белгілер, шеңберлер, шаршы, ұйтқы тәрізді гүл өрнектер, т.б. – таңдау бойынша). Кескіш құралдар және өңдеу материалдармен жұмыс жасағанда қауіпсіздік техникасын сақтау.

**Мақсат:** Қазақ халық өнерінің ұлттық ерекшеліктерін оқып үйрену. Қазақстандағы ағашты ою дәстүрі және оның ерекшеліктері туралы алған теориялық және тәжірибелік білімдерін тәжірибе жүзінде бекіту.

**Міндет:** Жазық рельефті және бедерлі ою әдістері бойынша жұмыс дағдыларын бекіту. Оюшының кәсіби шеберлігін шындау.

**Материалдар:** Эскизге сай келетін жапырақ текті (жұмсақ) ағаштан дайындамалар, қиғаш жүзді пышақ, түрлі диаметр айшық тәрізді қашаулар және түрлі радиусте қисық қашаулар, шаблон, калька, қарындаш.

**Жұмыс саны:** 1

### **5-тақырып: Ағаштан мозаика құрау өнері.**

**Теория:** Мозаика көп тараған көрнекті-сәндік өнердің бір түрі туралы түсінік. Ағашта мозаика құраудың түрлері – инкрустация, интарсия, топтама мозаикасы, маркетри материал (текстура, түс және ағаштың жылтыр болуы). Мозаика құрауға арналған қондырғы, құрал-саймандар. Мозаика құраудың орындау тәсілдері. Мозаикадағы өрнек (геометриялық, өсімдік, геральдикалық) және оның ерекшеліктері. Көріністер жиынтығы.



Маркетри әдісіндегі нақыш туралы түсінік. Желім және мастикалармен жиынтық арасындағы жіктерді толтыру. Мозаика құрауды негізге желімдеу, және әрі қарай әрлеу. Мозаика құрау жұмыстарын жасау кезіндегі қауіпсіздік техникасын сақтау.

**Тапсырма:** Конспект жүргізу.

**Мақсаты:** Көркем шығармашылықтың жаңа түрі туралы түсінік алу.

**Міндеті:** Мозаика дайындау туралы тарихымен танысу. Мозаика құраушының кәсіби дағдысы мен білімін жетілдіру.

### **6-тақырып: Ағаштан мозаика құрағын орындау әдістері.**

**Тәжірибе:** Шпонмен жұмыс жасау дағдысын қалыптастыру. Пышақпен жаттығу жұмыстарын орындау – шпонды талшық бойына, талшыққа көлденең, бұрыштықпен және сызғыш бойымен кесу. Қисық сызықты кесу әдісінің жаттығулары (қолдан кесу). Шпонның қарапайым жиынтығы бойынша жаттығуларды орындау. Кесу құралдарымен жұмыс жасағанда қауіпсіздік техникасын сақтау.

**Тапсырма:** Штапик – ағаш шпонын қарапайым тілімге кесу. Кесілген штапиктерді кезектестіріп қиылыстыру арқылы біріктіру (талшықтардың бірі ұзандық бойына, бірі көлденең), штапиктердің төменгі жағын таспамен желімдеу. Шпонның парағына ромб тәрізді ендіріме жасау. Шпонның парағына қисық (шеңбер, жапырақ, сопақша) элементті ендіріме жасау (түрлі-түсті ағашты қолдану). Кесу құралдарымен жұмыс жасау кезіндегі қауіпсіздік техникасын сақтау.

**Мақсаты:** Маркетри әдісін меңгеру. Шпонды кесу және көркем жиынтығын орындау дағдысын қалыптастыру.

**Міндеті:** Кесу құралымен жұмыс жасауды үйрету. Мозаика құрау түрінде маркетри әдісін орындауды қалыптастыру. Қиын бейне бойынша және орташа қиындықтан құралатын шпон жиынтығын сатылар бойынша технологиялық үдерісін игеріп, орындау. Ұқыптылық пен еңбексүйгіштікке тәрбиелеу.

**Материалдар:** Шпон – 2-3 түсті, қиғаш жүзді пышақ, таспа.

**Жұмыс саны:** Жаттығу жұмыстарының санына қарай.

### **7-тақырып: Маркетри әдісінде орындалатын өрнектелген композиция. (Шығармашылық жұмыс)**

**Тәжірибе.** Жасалатын бұйымның қиын емес композициясының эскизін орындау. Бейнеленген эскиз бойынша материалды құрап жинауды орындау. Мозаика құрауларын жинап құрастыру әдістерін орындап үйрену. Кескіш құралдар және өңдеу материалдармен жұмыс жасағанда қауіпсіздік техникасын сақтау.

**Тапсырма:** Композицияның түстік шешіміне сәйкес келетін шпонды теріп алу. Алдын-ала дайындалған эскиз бойынша өз бетінше қиын емес өрнектің мозаика құрақтарын теріп орындау (қағаз бетіне теру). Кесу құралдар және өңдеу материалдармен жұмыс жасаған кезде қауіпсіздік техникасын сақтау.

**Мақсаты:** Білім алушының шығармашылық қабілетін дамыту. Маркетри әдісі туралы теориялық және тәжірибелік білімін тәжірибе жүзінде бекіту.

**Міндеті:** Білім алушыларда өрнектелген композициясын құру дағдысын қалыптастыру, өзіндік жұмысында негізгі сәттерді бөліп шығаруды білу және оны шығармашыл түрде ұсыну.

**Материал:** шығармашылық композициясының эскизі, калька, өзінің бар көлеміндегі эскизі, эскиздің түсіне сәйкес келетін шпон, қиғаш жүзді пышақ, түрлі диаметрдегі айшық тәріздес қашаулар жиынтығы және түрлі радиустегі қисық қашаулар, таспа, қарындаш.

**Жұмыс саны:** 1

### **Сыныптар бойынша бағдарламалық талаптар**

**Оқу-әдістемелікпен қамтамасыз етуге қойылатын талаптар.**

Оқу үдерісінің оқу-әдістемелік құралмен қамтамасыз етілуі бағдарламаны сапалы түрде игеруге кепіл беруі қажет. Бағдарламаны іске асыру кітапхана қорына, табиғи қорға, оқылып жатқан пән бойынша әдістемелік құралдар мен дайындамаларға, компьютерлік технологияларға еркін қол жетімді болуы қажет.

**Оқытудың дидактикалық принциптері:**

1. Белсенділік пен саналылық.
2. Көрнекілік.
3. Ғылымилық.
4. Беріктілік.
5. Қолжетімділік.
6. Жүйелілік.
7. Теориялық біліммен тәжірибелік қызметтің байланысуы.
8. Түпкі нәтижеге, болашаққа көздену.

Осы бағдарламаны іске асыру үдерісінде келесі әдістерді қолдану қарастырылады:

1. Ауызша әдістер (түсіндіру, әңгіме айту, әңгімелесу, лекция, дискуссия).

2. Көрнекілік әдістері (заттарды бақылау, құбылыстар, көрнекілік құралдар, иллюстрация, көшірмелер, әдістемелік схемалар мен кестелер, әдістемелік құралдар, педагогикалық бейне, тірі сұлбаны қадағалау және қабылдау, оның қасиетін , ерекше түрін, түсін, фактурасын оқып тану).

3. Тәжірибелік әдістер (нақты тәжірибелік іс әрекеттер).

4. Ақпараттық-рецептивті (иллюстративті түсіндіру - педагог дайын ақпаратты хабарлайды, білім алушыдан қажет ететіні оны ұғыну, игеру және есте сақтау). Жаңа материал, тәжірибелік жұмыстың тақырыбын, оның мақсаты мен міндетін түсіндіру кезінде қолданылады. Пәнді зерттеу (ауызша әдістермен тіркеседі).

5. Репродуктивті (іс-әрекет, ептілік және дағдыны дайын күйінде беруді болжайды және білім алушыларды педагог көрсеткен қарапайым үлгіні елестетуге бағыттайды). Педагогикалық бейне (бейнені көрсету әдістері арқылы композицияны іздеу). Жаттығулар.

6. Мәселелі мазмұндау («шығармашылық тапсырмалар әдісі» – бейнелеу тапсырманы қою, шешу барысында пайда болатын қарама-қарсылықты ашу).

7. Бөлшектеп іздестіру («бірлескен шығармашылықтың әдісі», көрсету амалдарын іздеу).

8. Зерттеу («өз бетімен көркемдік шығармашылықпен айналасу әдісі»).

## **Оқытудың түрі – сабақ.**

### **Білім алушылардың жас ерекшеліктерін ескеру:**

1. сабақты білім алушылардың жас ерекшелеріне сәйкес жоспарлау;
2. сабақты үлгерімі төмен және жоғары білім алушылар бар екенін ескеріп өткізу;
3. үлгерімі төмен және жоғары білім алушылармен тіл табысу, саралап оқыту.

### **Сабаққа қойылатын гигиеналық талап:**

1. температураның тұрақтылығы;
2. ауаның физикалық-химиялық қасиеті (ауасын тазарту қажеттілігі);
3. жарықтандыруы;
4. қажыту және шаршап кететінін ескеру;
5. әрекет жасау түрлерін кезектестіру (тындау кезеңін есептеу, графикалық сызу және тәжірибелік жұмысты ауыстырып отыру);
6. уақытылы сергіту сәтін жүргізу;
- 7 білім алушының жұмыс жасау кезінде денесін дұрыс ұстауын сақтау.

### **Материалдық-техникалық базасын қамтамасыз етуге**

#### **қойылатын талап.**

Бағдарламаны іске асыратын білім беру мекемесінде бағдарламада берілген барлық теориялық және тәжірибелік

дайындықтың түрлерін жүзеге асыру үшін материалдық-техникалық базасы толық болуы қажет:

1. Аудиторлық қор.
2. Компьютерлік сынып.
3. Өндірістік шеберханалар.

Тәжірибелік жұмыстарды ұйымдастыру алдында жұмыс орнын дұрыс ұйымдастыру өте маңызды.

Бөлменің іші кең, құрғақ, жарық, тұрақты температурасы мен ауасының ылғалы болу және ауасы жақсы тазарып тұру қажет. Үстелге жарық алдынан немесе сол жағынан түсіп тұруы қажет, одан бөтен жоғарыда немесе жанында ілініп тұратын шам керек. Шеберханада міндетті түрде ағаш оюға арналған бір ағаш верстак, қайрау станогі мен қайрауға арналған үстел болуы шарт.

#### **Болуға тиісті:**

1. Ағаш өңдеудің қондырғыларын орналастыруға қосымша өндірістік бөлме қажет болады.

Пиломатериалдарды пішу бойынша дайындық операциялары, өлшем бойынша өңдеу, жиһаз өңдеу өндірісінде қолданатын станоктарда өндіріледі.

1. Қор материалдары.
2. Интерактивті технологиялардың қолданылуы (оқу бағдарламасымен қарастырылған барлық теориялық және тәжірибелік дайындықтарын қамтамасыз етеді).

#### **Құрал- жабдықтар:**

- ағаш оюға және мозаика құрауға арналған құралдар мен аспаптар;

- ағаш өңдеуге арналған құралдар: балта, ара, қашау, бұрғы;

- ағашты сүргілеу құралдары: шерхебель, фуганок, рубанок;
- өлшеу құралдары: метр, сызғыш, циркуль, рейсмус, деңгейлік, бұрыштап өлшегіш;
- соққы құралдары: балға, тоқпақ;
- верстак және құрал-саймандық шкаф;
- материалдар үлгісі, бояу жиынтығы, желім, қосалқы материалдар, олифа, еріткіштер пен сыр, лак араластырғыштар және т.б.;
- қайрау станогі, ағаш өңдеуге арналған токарлық станогі, бұрғылау станогі, рейсмустік станок;
- жасалған сәндік бұйымдар мен сәндік элементтері бар үлгілер;
- тақырып бойынша технологиялық-нұсқау карталары;
- бағдарламаның тақырыптары бойынша және қауіпсіздік техникасы және еңбекті қорғау туралы плакаттары;
- зімпара қағаз (ірі, ұсақтасты);
- А4 форматтағы қағаз;
- ағаш (түрлі қалыңдықта), жиһаз тақталары.

### **Бақылау түрлері**

1. Қадағалау.
2. Тестілеу (анықтау мақсатында жүргізіледі: теориялық білімін, көркем қызметіне бейіндік, білім алушының сыныпта, топтағы мәртебесі, өзіндік баға, кәсіптік таңдауға қызығушылық танымы).
3. Қорытынды сабақ (жыл соңында).
4. Көрмелер.
5. Шығармашылық жобалар.

6. Өзіндік тәжірибелік жұмыс.

7. Көрме және сайыстар (мектепшілік, аудандық, облыстық, республикалық).

8. Анкета алу (білім алушылардың ағаш ою сабақтарына көз-қарастарын анықтау).

### **Үлгерімді бақылау және бағалау көрсеткіштері**

Оқу бағдарламасын игеру туралы қорытындыны **бақылау және бағалау** педагог теориялық және тәжірибелік сабақтарын өткізіп жатқан үдерісінде іске асырады.

Бағдарламаны игерудің сапа бағасына кіреді: білімді күнделікті бақылау (сабақ үстінде сараптау және өзіндік сараптау), аралық аттестация (тоқсандық баға) және емтихан көрме түрінде жылына 2 рет қаралады.

#### **Бақылауға қойылатын педагогикалық талаптар:**

- жүйелілік және күнделікті;
- әділдік;
- дифференциалды тәсіл ( әр білім алушының ерекшеліктері және бағдарламаның әр тарау бойынша ерекшеліктерін ескеру);
- педагог талаптарының бірлігі.

#### **Бағалау әмбебап кестесіне сәйкес орындалады**

<b>Дұрыс жауаптардың пайыздық қорытындысы</b>	<b>Білім берудегі жетістіктердің жекелей сапалық бағасы</b>	
	<b>Балл (баға)</b>	<b>Ауызша ұқсастық</b>
90-100	5	үздік
80-89	4	жақсы
70-79	3	қанағаттанарлық
70-тен кем	2	қанағаттанарлықсыз



Білім алушылардың тәжірибелік және теориялық білімдері бағаланады. Баға бес балдық жүйемен қойылады.

**Баға критерийлері:** Критерийлер үш бөліктен тұрады: білім, ептілік, дағды.

**Оқытудың 1 жылы** білім алушының негізгі теориялық және тәжірибелік білім мен ептілігін игеру деңгейі бағаланады.

**Бағаланады:**

- құралды пайдалана білу ептілігі;
- жұмыс орнын ұйымдастыру;
- педагогтің жетекшілігімен өз бетімен жұмысты орындау;
- жұмысты орындауға жіберген уақыты;
- ұжымда бейімделуі.

**Оқытудың 2 жылы** білім алушының алған білімі мен ептілігі өзінің бұйым жасаудағы шығармашылық бастауы деңгейіне қарай бағаланады.

**Бағаланады:**

- жұмысқа шығармашылық көз-қарас;
- дидактикалық материалмен жұмыс жасай білуі;
- жұмысты сапалы орындауы;
- бұйымды жұмысқа әзірлеуі;
- өз бетімен жұмыс жасай білуі;
- ұжымдасып жұмыс жасай білуі;
- шығармашылыққа эстетикалық көңіл-күймен қарау;
- өз бетімен эскизді ойлап шығарып, және басынан аяғына дейін жұмыстануды білуі.

Күрделілікті еңгізу арқылы оқытудың нәтижелілігі жоғарылайды.

### **Бағдарламаны жүзеге асыру шарттары.**

Бағдарламаның игерілуі және тәжірибеде іске асуы үшін белгілі жағдай болуын қажет етеді. Ол біріншіден материалдық-техникалық база және әдістемелік құралдармен қамтамасыз етілуі.

Ағашты ою сабақтары бейнелеу, технология, сызу, физика, химия пәндері бойынша алынған білімдеріне негізделуі керек.

Таңдалған ағашты ою түрлері, мектеп гигиенасы мен еңбек қауіпсіздігі талаптарына сай болуы.

Бұйым жасауға қажетті материалдың қолжетімділігі және құралдардың шағын болуы да шарттардың біреуі болып табылады.

### **Бағдарламаны әдістемелік қамтамасыз ету.**

#### **Әдістемелік ұсыныстар.**

Мектептегі ағаш ою сабақтарына көп көңіл бөлінеді. Халық шеберлерінің жасалған бұйымдарының кең рухани құндылықтарын ашу сәтіндегі сабақтар білім алушылардың эстетикалық талғамдарын қалыптастырады, білім алушыларды әдіс-тәсіл тұрғысында, техникалық тұрғыда қаруландырады, оларда еңбек ептілігі мен дағдыны қалыптастырады, еңбекке деген психологиялық және тәжірибелік дайындықты жүргізуді, мамандықты таңдауға көмек береді.

Ағашты ою сияқты көркемдік қызмет бас-басына қол жетімді. Оюдың техникалық әдістерінде қиын еш нәрсесі жоқ, себебі ең жоғары көркем шеберлікпен орындалған бұйым қиын композицияға біріктірілген қарапайым элементтерден тұрады.

Жеке гигиенасы, өндірістік санитария, еңбекті қорғау және еңбектің қауіпсіздік техникасы мәселелеріне аса маңызды назар аудару керек.

Жиі жарақат алудың себебі жалығудан, демалыссыз артық уақыт жұмыс жасағындықтан болады, сондықтан арасында білім алушыларға жиі сергіту сәттерін жасап тұрған дұрыс болады. Ертеден келе жатқан алтын бір ережеде былай делінген: «Егер келістіре алмай жатсаң, отырып ойланып ал», осы жағдайға дәл келеді. Білім алушыларды тәртіппен тазалыққа үйрету қажет – жұмыс орнындағы ағаш жоңқасы мен үгінділерін жинап отыру. Ол әрекет тек қана тәртіпке тәрбиелей қомайды, кей кезде ол қоқыс арасында шағын құралдармен бірге бөлініп түскен өрнек бөлшектері болады. Ағаш ою әрекеті қанша дегенмен кесу құралдарымен орындалғандықтан арасында кесіп алу жарақаттары болады, сондықтан қол астында бинт, йод, мүсәтір спирті, су тегінің асқын тоғы, лейкопластырь үнемі болу қажет.

Байқаушылық, көркемдік талғам, композицияны құрастыру ептілігі және ағаш бетіне тірі табиғаттың көрінісін айнытпай көрсету бір-екі сабақта бола қалмайды. Педагогпен қарым-қатынаста болып, күннен-күнге сурет салып, ойып, жасөспірімдер тамашалап қана қоймай, таңданарлық көркемдік шығармаларды дайындауды үйренеді. Ақырын абайлаушылық, қажымаушылық, табандылық қасиеттер пайда болады, онсыз қандай да бір істің табысқа жетуі екі талай.

Бағдарлама ағаш оюдың тәжірибелік ептілікке оқытып қоймай, өз шығармашылық әлуетін іске асыруға, ой-ұшқырлығын көрсетуге, туған өлкедегі халық шеберлерінің тәжірибесін оқып

үйренуге мүмкіншілік береді. Ол осы бағдарламаның маңыздылығы – материал жинау бөлігінде болады. Материал жинау – ол білім алушылардың көркем мұражай қорларынан, кітаптардан, ғаламтор ресурстарынан ағашты ұлттық ою үлгілерін көшіріп алу, суретке салып алу болып табылады. Ұлттық үлгілерді көшіріп алу оларға тек қана ағаш оюдың түрлері мен әдістерін емес, ағаш оюдың типтік композицияларын өзі түсінуге, игеруге мүмкіншілік береді.

Ұлттық ағаш ою шығармаларды көшірген кездегі сурет жинақтары – әр білім алушының әдістемелік қоры болып табылады, сонын негізінде ол таңдаған ағаш оюдың түрлері бойынша жеке шығармашылық композициясын жасап шығарады.

Көшірме сурет салу әдісімен өрнектер түрінде, өрнектер үзінділері, ою композициялары түрінде сурет салуға арналған дәптеріне салынады.

Теориялық және тәжірибелік оқыту бір уақытта жүргізіледі. Әр тәжірибелік сабақтар нұсқаумен басталады (кіріспе, ағымдағы және қорытынды), жұмыстың дұрыс және қауіпсіз орындалуына, құрал-саймандарға ұқыпты қарауға, материал шығынын үнемдеуге, сабақтың уақытың тиімді пайдалануға бағытталған.

Әр білім алушыда өзімен бірге дәптер, альбом және графикалық жұмыстарды орындайтын сызу құралдары болуы керек.

Оюға арналған тәуір материал болып жұмсақ, жапырақ текті ағаштар – жөке, қандағаш, көктерек болып табылады. Ағаш оюды жаңадан бастап жатқан оюшыға жұмсақ ағаш тегі – жөке ұсынылады, себебі құрамы біртекті жұмсақ, біраз жабысқақ,

ұзыннан да, көлденең де жеңіл кесіледі, ою барысында жарылмайды, кепкен соң берік болады, әрі жырылмайды.

Ағаштан көркем бұйымдарды жасау үшін ағаш өңдеу жұмыстарының белгілі бір дағдысы болуы: ағаш өңдеу құралдарын қолдануда, оны қайрауда, шағын жөндеуде, кейбір жағдайда оны жасап шығаруда маңызды. Көбіне жасалған жұмыстың сапасы құралды дұрыс қолдану, онымен жұмыс жасау ептілігіне және құралды дұрыс күтіп ұстау тәуелді.

Басынан бастап оюшыға ағашты оюды қағаз бетінде өзінің бар өлшемімен эскиз бойынша орындауды игерген дұрыс. Өрнек композициясын оюдың түріне үйлесетін элементтерін құрастырады. Эскизден суретті калькаға бастырады, содан кейін калькадан көшіргі қағаз бен өткірлеп ұшталған қарындаш арқылы ағашқа бастырады.

Оюда композицияны тиімді қарапайым, табиғи, әдемі, нәзік жарықпен көлеңке аралас өрнек ажыратады. Оны құрастырудың дәстүрлі ережелері бар. Егер, мысалға, шеңбердегі композиция құрылса (тарелке, ыдыс) барлық жазықтықты шеңберлермен бөлшектерге бөледі: ортасында негізгі өрнек, сыртқы телімдеріне қосымша, кезектесетін өрнектер орналастырады.

Өрнектің тікбұрышты, шаршы алаңдарын да бірнеше композициялық бөлшектерге бөліп, оларды да өрнектермен толықтырып, бір-бірін ажырату үшін тереңдетіп контурлы кесіктермен бөледі.

Бейне сипаты оюдың техникасымен орындалады. Контурлық композицияда сурет сызықты ырғақта құрастырылады. Үшқырлы ойықты ою бейненің нақты геометриялық құрылысын біртұтас

және элементтерінің әрқайсысын бөлек-бөлек көрсетеді. Геометриялық оюдың маңызды талаптарының бірі – өрнек айқындылығы.

Сабақта шығармашылық белсенділік пен ынталылық атмосфераны жасауға ұмтылу маңызды. Білім алушылардың жасаған бұйымдары қоғамдық пайда әкелетін бағытта жасалынады және өзіне қолданыс табуы керек.

Ағашты ою көпшілікке ұнайды. Ағаштың жылулығы, материалдың құрылымының әдемілігі, бұйымдарды күнделікті тұрмыста қолдануға жарамдылығы осы ежелгі ұлттық кәсіпті ерекше тартымды етеді.

### **Қорытынды**

Сәндік-қолданбалы өнер – ол адам баласының жасауымен материалдық ортаны көркем құралымына қызмет ететін өнердің кең аймағы. Әдістердің, материалды өңдеу технологиялар әдістерінің көркем шығармашылық және өнермен біріктіру арқылы заттың ерекше сәндік әдемілігі мен мәнерлілігі жетіледі.

Ағашты ою – ежелден келе жатқан өнер түрі, бүгінгі таңда өзектілігін жоғалтпай, керісінше, сұранысы артып, адам баласының өміріне, тұрмысына аз ғана нығыздылықпен кіргелі жатыр. Еш жасанды материал ағаштың жылулығы мен әдемілігін ауыстыра алмайды. Ағаштың құрылымы айналып-толғандырады, назарды өзіне аударады. Ағаш адамды емдеп, өмірлік қуатпен толтырады.

Автомат – адамдар, таза орындаушылар заманы өтіп кетті. Дегенмен олардың саны азайып келе жатыр.

Сонғы онжылдықта ізденісте жүрген шығармашыл тұлғаларға сұраныс артып келе жатыр. Әр адам баласында табиғатпен берілген кең мүмкіншіліктері бар. Оларды іске асыруға көмектесу, жаңалықтан, қорқыныштан, психологиялық кедергісінен ауаландыру, бар қабілеттерін дамыту қызықты өткен сабақта іске асыру оңайға түседі. Аса маңыздысы – шығармашыл тұлғаны балалық шақтан бастап дамытқан дұрыс.

Ағаш ою сабақтарында қолмен орындау әдістердің түрлілігі білім алушылардың жоғары қызығушылығын арттыруға өз септігін тигізеді. Сабақтар білім алушылардың шығармашылық қабілеттері мен қиялын дамытуға, ой-өрісін кеңейтуге және технологиялық дағдысын жетілдіруге бағытталған. Осы нәрсе балаларға өз ісінің шебері болуға, өздерінің авторлық жұмыстарын жасап шығаруға көмектеседі.

Ағашты оюдың әр сабағы – ол біздің балаларымызбен ересек өмірлерінде көп қайтадан жаңғыртылатын қуаныш пен шығармашыл серпілістің сабағы. Ол – көрікті және рухани әсемділікке толы өмір болсын.

### **Нормативті-құқықтық қамтамасыздануы**

1. Қазақстан Республикасының Конституциясы 30 тамыз 1995 жыл.

2. Қазақстан Республикасының «Білім туралы Заңы» 27 шілде 2007 жыл, № 319-III (өзгерістермен, толықтыруларымен 13.06.2013 ж).

3. Қазақстан Республикасында 2011-2020 жылдарға білім беру жүйесінің дамуы мемлекеттік бағдарламасы. (ҚР Президенті Жарлығы 7 желтоқсан 2010 жыл № 1118 ).

4. Қазақстан Республикасының үздіксіз білім беру жүйесіндегі тәрбие концепциясы (ҚР БЖҒМ 16 қараша 2009 жыл № 521).

5. Қазақстан Республикасындағы «Бала құқығы туралы Заң» 8 тамыз 2002 жыл № 345.

6. Балалар құқығы туралы конвенция (Бас Ассамблеясының 44/25 20 Резолюциясы қараша 1989 жыл).

7. Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаевтың Қазақстан халқына жолдауы.

8. Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігінің 2011-2015 жылдарына арналған стратегиялық жоспары.

### **Пайдаланылған әдебиеттер тізімі**

1. Қазақстан Республикасының үздіксіз білім беру жүйесіндегі тәрбие концепциясы (ҚР БЖҒМ 16 қараша 2009 жыл № 521).

2. Супрун Л.Я. Резьба и роспись по дереву [Текст]. – М.: Легкая и пищевая промышленность, 1983 ж. – 120 б. (Серия «Кем быть?»). – 60 000 экз.

3. Рафаенко В.Я. Народные художественные промыслы [Текст]. М.: Знание, 1988 ж. – 176 б.: ил. – 35000 экз.

4. Каплан Н.И. Народные художественные промыслы [Текст]: учеб.пособие для сред. проф.-техн. учеб. заведений / Н. И. Каплан, Т.Б. Митлянская. - М.: Высшая школа, 1980 ж. – 176 б.: ил. – (Профтехобразование. Декоративно-прикладное искусство).



5. Джанибеков У.Д. Культура казахского ремесла [Текст]. – Алма-Ата: Өнер, 1982 ж.- 144 б.: ил. – 10000 экз.

6. Маргулан А.Х. Казахское народное прикладное искусство [Текст]. А.Х.Маргулан. - Альбом. - Алма-Ата: Өнер. - т.3.-1987 ж. – 288 б.

7. Матвеева Т.А. Мозаика и резьба по дереву [Текст]: учебник для сред. проф.-техн. училищ. – 2-е изд., перераб. и доп. – М.: Высш.школа, 1981 ж. – 80 б.: ил. - (Профтехобразование. Декоративно-прикладное искусство). – 300000 экз.

8. Мухин Б.И. Изготовление деревянной мозаики [Текст]: практические рекомендации. – Л.: Стройиздат. Ленингр. отд-ние., 1989 ж. - 144 б.: ил.

### **Ұсынылатын әдебиеттер**

#### **Педагог үшін:**

1. Афанасьев А. Резьба по дереву. Приемы, техника, изделия [Текст]. - М.: Эксмо, 2006 ж. - 538 б.

2. Боровых В.Н.: Технология. 5-9 классы. Художественная обработка изделий из древесины. Резьба по дереву [Текст]- Волгоград: Учитель, 2009 ж. - 187 б: ил. – (Дополнительное образование). – ISBN: 9785705717996.

3. Деннинг Энтони. Резьба по дереву [Текст]. Практическое пособие. - М.: Арт-родник, 2004 ж. – 176 б.

4. Маркелова О.Н. Декоративно-прикладное творчество: изделия из древесины и природного материала. Волгоград: Учитель, 2009 ж. - 91 б: ил. ISBN: 978-5-7057-1713-2.

5. Вишневская В.М. Резьба и роспись по дереву [Текст]. - Петрозаводск: Карелия, 1981 ж. – 105 б.
6. Ворончихин Н.С., Емшанова Н.А. Орнаменты. Стили. Мотивы [Текст]. – Ижевск: Удмуртский университет, 2004 ж. – 399 б.
7. Герчук, Ю.А. Что такое орнамент? Структура и смысл орнаментального образа [Текст]. – М.: Галарт, 1998 ж. – 328 б.
8. Джанибеков, У.Д. Эхо... По следам легенды о золотой домбре [Текст]. – Алма-Ата: Өнер, 1991 ж. – 304 б.
9. Комарова Т.С. Школа эстетического воспитания [Текст]. – М.: Зимородок, 2006 ж. – 418 б.
10. Круглова О. Русская народная резьба и роспись по дереву[Текст] . – М.: Изобразительное искусство, 1983 ж. – 196 б.
11. Рыженко В.И. Резьба по дереву. Мозаика, - М.: Рипол классик, 2004 ж. – 192 б.
12. Лгачева Л.А., Нилова И.В. Резчикам по дереву. Альбом орнаментов. Вып.1-й - М.: Изд. «Народное творчество», 2002 ж. – 40 б.
13. Лгачева Л.А., Нилова И.В. Резчикам по дереву. Альбом орнаментов. Вып.2-М.:Изд. «Народное творчество», 2002 ж. - 40 б.
14. Лгачева Л.А., Нилова И.В. Резчикам по дереву. Альбом орнаментов. Вып.3-М.:Изд. «Народное творчество», 2003 ж. - 43 б.
15. Лгачева Л.А., Нилова И.В. Резчикам по дереву. Альбом орнаментов. Вып.5-М.:Изд. «Народное творчество», 2003 ж. - 40 б.
16. Соколова, Т.М. Орнамент – почерк эпохи [Текст] . – Л.: 1972 ж. – 201 б.

17. Шорохов, Е.В. Основы композиции [Текст]: учебн. пособие для студентов пед. ин-тов по спец. № 2109 «Черчение, рисование и труд». – М.: Просвещение, 1979 ж. – 303 б.

18. Шпикалова Т.Я. Народное искусство на уроках декоративного рисования [Текст]: пособие для учителей. – 2-е изд., доп. и перераб. – М.: Просвещение, 1979 ж. – 192 б.

### **Білім алушылар үшін:**

1. Деннинг Энтони. Резьба по дереву [Текст]. Практическое пособие. – М.: Арт-родник, 2004 ж. – 176 б.

2. Жегалова С.К. Русская народная живопись [Текст]: Кн. для учащихся ст. классов. – М.: Просвещение, 1984 ж. – 160 б.

3. Ильяев М.Д. Прикоснувшись к дереву резцом: Справочное пособие. — М.: Экология, 1996 ж. -317 б.

4. Искусство резьбы по дереву [Текст]. Учебное пособие/ под общей редакцией М.З.Соркина- М.: «Антиква», 1998 ж.

5. Жегалова С.К., Жижина С.Г., Попова З.П., Черняховская Ю.С. Пряник, прялка и птица Сирин [Текст]: кн. для учащихся ст. классов /. – 2-е изд., перераб. – М.: Просвещение, 1983 ж. – 192 б.

6. Рихвк Э.В. Мастерим из древесины [Текст]: Кн. для учащихся 5-8 кл. сред. шк. – М.: Просвещение, 1988 ж. – 128 б.

7. Рогов А.П. Кладовая радости [Текст]: Юному читателю о русском народном искусстве и его творцах.– М.: Просвещение, 1982 ж. – 239 б.

## «Кілем тоқу» үлгілік оқу бағдарламасы

### Түсіндірме жазба

Кілем тоқу – Ежелгі Шығысқа тамыр жайған өнер түрі болып табылады. Кілем ежелден адам өмірінде өзінің көркемдігі, әдемілігімен бағаланған және үй тұрмысында әшекей ретінде кеңінен қолданылған. Кілем түрлері өзінің көркемдігімен, композициясымен, өрнегімен техникалық жұмысымен бір-бірінен ерекшеленеді. Кілемдер адам, аңдар, өсімдіктер, гүлдер сияқты суреттер түсімен бояулар мен түстердің суретте құбылып өзара үйлесуіне қарай, симметриялық композицияға бет алуына қарай ерекшеленеді. Кілем тоқу – өнер, шеберлік немесе қолөнер бола алады және екеуімен қатар саналады. Балаларды кілем тоқуға үйрету олардың сәндік-қолданбалы өнер туралы мағлұматтарын толықтыру адамгершілік қасиеттерін қалыптастыруға: Отанға деген сүйіспеншілігін, халықтық қолөнерге, әдемілікті жаратушыларды сыйлауға баулиды. Жіптер сәндік-қолданбалы өнердің материалы ретінде кілем тоқушы шеберлігімен, тігінші, киім пішуші және әрлеушімен тығыз байланысты. Қазіргі заман талабына сай даму қоғамында шығармашылық ойлаудың жеке және әлеуметтік маңыздылығы күрт өсуде. Балаларға арналған көркемөнер мектептері білім алушыларға қабілеттері мен қажеттіліктеріне қарай білім алып жітік жетілулеріне психологиялық тұрғадын жағдай жасау керек. Жаратылысынан келешек баланың талабы, оның шығармашылық қабілеттері еңбек үрдісінде ғана дамиды, өйткені еңбек үрдісінде зейін салу керек, қиындықтарды жеңу және операциялардың реттілігін және жүйелілігін есте сақтау қажет. Осының барлығы білім алушының ерік жігерін жетілдіреді, оның зейінін және есте сақтау қабілеттерін нығайтады. Кілем тоқушының сурет салу қабілеті,

көркемдік талғамы және қиялы, қолөнерге деген бейімділігі, шыдамдылығы, жүйелі түрде ойлау және әрекет ету, көз өткірлігі және түстерді қабылдауы жоғары деңгейде болуы керек.

Білім мазмұны: білім алушылардың шығармашылық қызметін қалыптастыру болып саналады. Әрине шығармашылық қызмет үшін табиғи нышан болу керек, бірақ педагогикалық тәжірибеде продуктивті оқыту әдістері де қолданылады, әр баланың шығармашылық қабілеттерін айқындауға арналған технологиялар қолданылып жатады. Ұжымда ойдағыдай қарым-қатынас құру үшін педагог балалардың жасерекшелік физиологиясын, олардың жеке мүмкіндіктерін және қызығушылықтарын білуі тиіс. Педагог пен білім алушылардың тәрбиелік потенциялы, қарым-қатынасы біріккен тәжірибелік қызметке байланысты.

### **Бағдарламаны жүзеге асыру**

Педагог білім алушылардың физиологиялық жағдайына және мүмкіндіктеріне қарай бағдарламадағы оқу материалын ескереді. Материалды өту тәртібі өзгерілуі мүмкін.

Оқу түрі- топтық.

Топтағы білім алушылар саны – 8-12 оқушы.

Бағдарлама катал жүйелі түрде оқытылуы тиіс.

Кілем тоқу оқу бағдарламасы көркемөнер мектептеріне және балалар өнер мектептеріне арналған.

Берілген курс- аптасына 1 сағат деп есептелген.

Орындалу мерзімі- 2 жыл

Көлемі- жылына 68 сағат.

## Оқу сағаттарын бөлу.

### Бағдарламаның негізгі бөлімдері бойынша күнтізбелік жоспар

Бөлім аттары	Оқу жылы	
	1	2
	Сағат саны	
Кіріспе	9	
Станок құрылғысы	2	
Жіппен жұмыс	5	
Түгі жоқ кілемді тоқу	18	
Түкті кілемді тоқу		34
Барлығы	34	34

## ПӘННІҢ МАЗМҰНЫ

### Бағдарламаның мақсаты:

- сәндік-қолданбалы өнердегі халықтық дәстүрді сақтай отырып оқушылардың шеберлік мүмкіндіктерін айқындау; мамандыққа дейінгі дайындық және еңбек дағдысына қолайлы жағдай жасау;

### Бағдарламаның міндеттері:

1. Білім алушыларды көркемдік мәдениетке және тарихи мұраға тарту;
2. Білім алушыларды шығармашылық қызметке жұмылдыру, балалардың көркемдік- шығармашылық қабілеттерін жетілдіруге жағдай жасау;
3. Қазақстан Республикасында тұратын халықтардың салт-дәстүрлерін, халықтық мәдениетін сыйлау, тарихи мұраға ұқыпты қарау;
4. Білім алушылардың эстетикалық талғамын қалыптастыру, қоғам өміріндегі өнердің рөлін түсіндіре білу;

5. Білім алушылардың кілем тоқудағы негізгі түрлерін, түстердің маңыздылығын жетілдіру.

### **Негізгі бөлім**

Оқу бағдарламасы материалдың кезең-кезеңмен оқытылуына және тапсырмалардың жүйелі түрде қиындауын қарастырады.

Оқу бағдарламасы бойынша курс аяқтаған білім алушылар **білу керек:**

1. Станок, қайшы, ине, кесте инесі және бояу заттарымен, сонымен қатар жіппен жұмыс жасағанда қауіпсіздік техникасының ережелерін.

2. Жұмыс жасаған жағдайда еңбек қауіпсіздігі ережелерін, өнеркәсіптік санитарлық, өрт сөндіру қауіпсіздігі ережелерін және ішкі тәртіп ережелерін.

3. Жұмыс орнын ұйымдастыру қағидаларын.

4. Станок пен жұмыс жасағанда барлық негізгі операцияларды.

5. Тоқу станогында қолданылатын барлық негізгі және қосалқы құрал-саймандарды.

6. Жіппен жұмыс жасағанда көркемдік және техникалық әдіс-тәсілдердің түрлерін.

7. Композиция негізін: кеңістікті сәнді безендіру принциптерінің негізін.

8. Ою ою негізін. Түстер негізін.

9. Қазақстандағы кілем тоқу тарихын, тоқу түрлерін.

10. Материалды үнемдеу әдісін, құрал саймандарға ұқыпты қарау.

**Үйренуі керек:**

1. Жұмыс орнын тиімді пайдалану және еңбек қауіпсіздігінің ережелерін сақтау.

2. Кілем тоқудағы қолданылатын негізгі құрал-саймандарды қолдана білу.

3. Халықтық салт- дәстүр шығармашылығын қолданып композиция құру және кілемнің алғашқы үлгісін, нобайын жасау.

4. Тоқудың техникасын білу.

5. Бұйымның түстерін таңдау және үйлестіре білу.

6. Кілем тоқудың барлық кезеңдерін сақтау.

7. Құрал- саймандарға, жабдықтарға ұқыптылықпен қарау.

8. Материалды үнемдеп қолдану.

## **Пәннің тақырыптық жоспары**

### **1 жыл**

#### **I. Кіріспе. 9 сағат.**

1. Курс мазмұны және міндеттері. Керекті, құрал-саймандар, материалдар, Қауіпсіздікті сақтау туралы бірінше инструктаж Қауіпсіздікті сақтау туралы және санитарлық- гигиеналық ережелер.

2. Кілем көркемдік шығармашылық түр ретінде. Өлкетану мұражайына саяхат.Қазақстандағы кілем тоқу тарихы, кілем тоқу түрлері.

3. Шығармашылық жоба, оны рәсімдеу ережелері. Жобалық бұйымды дайындау: жұмыс негізіне дайындық. Бұйымның нобайын қағазға түсіру. Суретті матаға аудару. Кілемдік инемен жұмыс технологиясы.

4. Жобалық бұйымды дайындау: жұмысқа керекті жіптерді дайындау. Жіптің түрі мен түсін келтіру.

5. Кілемдік композициялар. Композиция. Ковровые композиции. Негізгі композициялар. Әдебиетті оқу, ақпарат жинау. Өз жаңаша ойларын білдіру. Жобалық жұмысты таңдау.



6. Түстер негізі. Негізгі, қосымша және өзара ұқсас түстер. Түстердің араласуы. Бұйымдағы түс. Композицияның негізгі заңы. Стилдік бірлікке жету. Нобайлау. Жеке нобайлау.

7. Өрнек. Өрнек түрлері: өсімдік, геометриялық, аңдар. Өрнекті түсіру негіздері. Өрнек элементтерін түсіру негіздері. Өз өрнегін құрау.

## **II. Станок құрлымы.**

1. Кілем тоқудың пайда болу тарихы. Кілем тоқу станогы. Станок құрылысымен танысу. Станокпен жұмыс жасаудағы қауіпсіздік техникасының ережелері.

## **III. Жіптермен жұмыс.**

1. Жіптердің түрі.
2. Кілем тоқуға керекті шикізаттар.
3. Жіп негізінің құрлымы. Виды ниток.
4. Жіптерді кілем тоқуға дайындау.
5. Жіптерді жай байлап тоқуды үйрену.
6. Жіптерді керекті ұзындыққа кесу технологиясы.

## **IV. Түксіз кілем тоқу.**

1. Жіптерді дайындау. Кілем тоқуға керекті жіптердің түрлері. Кілем тоқуға керекті шикізаттар. Ұзындығынан және көлденеңінен өтетін жіптерді түсіне қарай бөліп ажырату және дайындау. Бұйымдағы түсті таңдау және үйлесімділігін табу.

2. Тоқу станогына ұзындық жіптерін өткізу. Станоктағы жіптер санының бұйымның нобайындағы жіптер санымен сәйкес келуі.

3. Кілем шетін тоқу. Станоктағы көлденең жіптерді бос қою.

4. Көлденеңінен жіптерді қою жаттығулары. Көлденеңінен жатқан жіпті бекіту. Көлденең жатқан жіптерді қою.(жіптерді қатты тартқан жағдайда кілем ішке қарай кіріп кетеді)

5. Кілем тоқу үрдісін бақылау. Жеке байламсыз, екі байламмен тоқу. Кілемнің ұзындығы мен көлденеңінен қисаюды жібермей тоқу технологиясын қадағалау.

6. Білім алушылардың білімін тексеру сабағы. Өткен бөлімдердің тақырыптары бойынша оқушылардың білімін тексеру. Оқушылардың білімін тексеру түрлері: тест түрінде тексеру, жобаларды қорғау, дайын бұйымдарды тексеру

7. Кілем шетін тоқу. Тоқу кезінде бұйымның ұзындығы мен көлемін қадағалау. Жіппен жұмыс кезінде оқушылардың қолдарының жылдамдығын жаттықтыру.

8. Кілемнің ортасындағы гүлді тоқу. Кілемді нобайына қарап тоқу, тоқу үрдісінде сурет пен нобайдағы суреттің ұқсастығын қадағалау. Балалардың көз өткірлігін жетілдіру.

9. Табиғатқа саяхат. Табиғаттағы түстер, түс шешімдері. Табиғи бояулардың қалыптасуы.

10. Кілем шетіндегі өрнектерді тоқу. Оқушылардың білімін қорытындылау. Тоқу техникасы бойынша оқушылардың білімін тексеру. Бұйымның аяқтау кезіндегі кілем тоқудың ерекшелігі: төрт бұрышты өрнектер симметриялық орналғанда кілемді тоқу шетінен ортасына қарай жүргізіледі.

11. Кілемнің түгін қию. Түксіз кілемнің екі шетін тігу. Дайын кілемді оның нобайымен салыстыру. Оқушылар бір-бірінің жұмыстарын тексеру. Қорытынды кезеңі: дайын болған кілемді тоқу станогынан шешу үшін пышақпен кілемнің екі жақ бетін тазалау керек.

## Пәннің тақырыптық жоспары

2 жыл

### I. Түкті кілемді тоқу

1. Кілем тоқу өнеріне арналған кітаптардан кілем тоқу түрлерімен танысу. Табылған материалдарды жалпылау. Кілемдердің жобаларын қарындашпен түсіру.

2. Кілем нобайын түсті түрде жасау (кілемнің түс үйлесімдігін белгілеу).

3. Дайын нобайды техникалық суретке түсіру. (ұзындығы, көлемі, негізгі жіптер саны, өрнек түрі және түсі)

4. Жіптерді дайындау. Кілем тоқуға керекті жіптердің түрлері. Кілем тоқуға керекті шикізаттар. Ұзындығынан және көлденеңінен өтетін жіптерді түсіне қарай бөліп ажырату және дайындау. Бұйымдағы түсті таңдау және үйлесімділігін табу.

5. Технологиялық операция: кілемнің негізін салу. Станокқа ремиз салу

6. Кілемнің негізін жасау.

7. Оқушыларды технологиялық үрдісіне үйрету: негізгі жіптерді ауыстыру, тоқу технологиясы, кілем шетін байлау.

8. Түкті кілемді дайындау. Бұрыштық тоқу түрлері.

9. Технологиялық операция түкті кілемнің бұрышын шығару.

10. Технологиялық операция түкті кілемнің ортасын шығару.

11. Технологиялық операция : шетін тоқу, түгін түзету және қию. Дайын бұйымды көрсету.

12. Қорытынды сабақ . Қорытынды есептік көрме. Ш. Абдуалиевтің «Қалалық қолөнер» диафильмін көру.

**Меңгерілген компетенциялар түрінде оқу жылдары бойынша күтілетін нәтижелер:**

**1 жылда:**

1. жұмыс орнын дайындауға және техникалық қауіпсіздікті сақтай алу;
2. станокта жұмыс істеудің барлық негізгі операцияларын білу;
3. жіппен жұмыс істеуде көркемдік және техникалық тәсілдерді меңгеру;
4. кілем бұйымдарының үлгілерін өңдеу, матаға сурет баса білу, жүннен иірілген жіпті жұмысқа әзірлеу, түстерді және ою-өрнек бұйымдарын таңдау;
5. жіптің технологиясын сақтап кілемді түксіз тоқу.

**2 жылда:**

1. тоқу станогына жіпті сала алу;
2. түкті кілемнің жобасын дайындау;
3. технологиялық үдерістерді меңгеру: негізгі жіптерді ауыстыру, негізден жіптерді өткізу, айқастыру техникасындағы тесу, кілемнің жиектерін орап байлау.
4. түкті кілем жиегін тоқу.

**Оқу – тақырыптық жоспары**

**1 оқу жылы**

**Оқу жылындағы жұма саны-34**

р/с	Бөлімдер, тақырыптар	барлығы	Сағат саны	
			теория	тәжірибе
	<b>I. Кіріспе</b>	9	2	7
1	1 Тақырып. Курс мазмұны және міндеттері. Керекті, құрал-саймандар, материалдар, қауіпсіздікті сақтау туралы бірінші инструктаж.	1	1	

	Қауіпсіздікті сақтау туралы және санитарлық- гигиеналық ережелер.			
2.	2. Тақырып. Кілем көркемдік шығармашылық түр ретінде. Өлкетану мұражайына саяхат.Қазақстандағы кілем тоқу тарихы, кілем тоқу түрлері.	1	1	
3.	3. Тақырып. Шығармашылық жоба, оны рәсімдеу ережелері. Жобалық бұйымды дайындау: жұмыс негізіне дайындық. Бұйымның нобайын қағазға түсіру. Суретті матаға аудару. Кілемдік инемен жұмыс технологиясы.	1		1
4.	4. Тақырып. Жобалық бұйымды дайындау: жұмысқа керекті жіптерді дайындау. Жіптің түрі мен түсін келтіру.	1		1
5.	5 Тақырып. Кілемдік композициялар. Композиция. Ковровые композиции. Негізгі композициялар. Әдебиетті оқу, ақпарат жинау. Өз жаңаша ойларын білдіру. Жобалық жұмысты таңдау.	2		2
6.	6 Тақырып.Түстер негізі. Негізгі, қосымша және өзара ұқсас түстер. Түстердің араласуы.Бұйымдағы түс. Композицияның негізгі заңы. Стилдік бірлікке жету. Нобайлау. Жеке нобайлау.	2		2
7.	7. Тақырып . Өрнек. Өрнек түрлері: өсімдік, геометриялық, аңдар. Өрнекті түсіру негіздері. Өрнек элементтерін түсіру негіздері. Өз өрнегін құрау.	1		1
	<b>II. Станок құрлымы</b>	<b>2</b>	<b>2</b>	
8.	Кілем тоқудың пайда болу тарихы. Кілем тоқу станогы. Станок құрылысымен танысу. Станокпен жұмыс жасаудағы қауіпсіздік техникасының ережелері.	1	1	
	<b>III. Жіптермен жұмыс.</b>	<b>5</b>		<b>5</b>
9.	Жіптердің түрі. Кілем тоқуға керекті шикізаттар. Жіп негізінің құрлымы. Виды ниток. Жіптерді кілем тоқуға дайындау. Жіптерді жай байлап			

	тоқуды үйрену. Жіптерді керекті ұзындыққа кесу технологиясы.			
	<b>Түксіз кілем тоқу.</b>	<b>19</b>	<b>1</b>	<b>18</b>
10.	Жіптерді дайындау. Кілем тоқуға керекті жіптердің түрлері. Кілем тоқуға керекті шикізаттар. Ұзындығынан және көлденеңінен өтетін жіптерді түсіне қарай бөліп ажырату және дайындау. Бұйымдағы түсті таңдау және үйлесімділігін табу.	<b>1</b>		<b>1</b>
11.	Тоқу станогына ұзындық жіптерін өткізу. Станоктағы жіптер санының бұйымның нобайындағы жіптер санымен сәйкес келуі.	<b>1</b>		<b>1</b>
12.	Кілем шетін тоқу. Станоктағы көлденең жіптерді бос қою.	<b>2</b>		<b>2</b>
13.	Көлденеңінен жіптерді қою жаттығулары. Көлденеңінен жатқан жіпті қаттырату. Тартуды жібермей көлденең жатқан жіптерді қою.	<b>2</b>		<b>2</b>
14.	Кілем тоқу үрдісін бақылау. Жеке байламсыз, екі байламмен тоқу. Кілемнің ұзындығы мен көлденеңінен қисаюды жібермей тоқу технологиясын қадағалау.	<b>2</b>		<b>2</b>
15.	Оқушылардың білімін тексеру сабағы. Өткен бөлімдердің тақырыптары бойынша оқушылардың білімін тексеру. Оқушылардың білімін тексеру түрлері: тест түрінде тексеру, жобаларды қорғау, дайын бұйымдарды тексеру, өздік жұмыс туралы есеп.	<b>1</b>		<b>1</b>
16.	Кілем шетін тоқу. Тоқу кезінде бұйымның ұзындығы мен көлемін қадағалау. Жіппен жұмыс кезінде оқушылардың қолдарының жылдамдығын жетілдіру.	<b>3</b>		<b>3</b>
17.	Кілемнің ортасындағы гүлді тоқу. Кілемді нобайына қарап тоқу, тоқу үрдісінде сурет пен нобайдағы суреттің ұқсастығын қадағалау. Балалардың көз өткірлігін жетілдіру.	<b>2</b>		<b>2</b>

18.	Табиғатқа саяхат. Табиғаттағы түстер, түс шешімдері. Табиғи бояулардың қалыптасуы.	1	1	
19.	Кілем шетіндегі өрнектерді тоқу. Оқушылардың білімін қорытындылау. Тоқутехникасы бойынша оқушылардың білімін тексеру. Бұйымның біту кезіндегі кілем тоқудың ерекшелігі: төрт бұрышты өрнектер симметриялық орналсақанда кілемді тоқу шетінен ортасына қарай жүргізіледі.	2		2
20.	Кілемнің түгін қию. Түгі жоқ кілемнің екі шетін тігу. Дайын кілемді оның нобайымен салыстыру. Оқушылар бір – бірінің жұмыстарын тексереді. Қорытынды саты: дайын болған кілемді тоқу станогынан шешу үшін пышақпен кілемнің екі жақ бетін тазалау керек.	2		2

### Оқу- тақырыптық жоспары

2 оқу жылы

Оқу жылындағы жұма саны-34

Жұмасына берілетін сағат саны-1

р/с	Бөлімдер , тақырыптар	барлығы	Сағат саны	
			теория	тәжірибе
	<b>I.Түкті кілемді тоқу</b>	<b>34</b>		<b>34</b>
1	1 Тақырып. Жіптерді дайындау. Кілем тоқуға керекті жіптердің түрлері. Кілем тоқуға керекті шикізаттар. Ұзындығынан және көлденеңінен өтетін жіптерді түсіне қарай бөліп ажырату және дайындау. Бұйымдағы түсті таңдау және үйлесімділігін табу.	1		1
2.	Тоқу станогына ұзындық жіптерін өткізу. Станоктағы жіптер санының бұйымның нобайындағы жіптер санымен сәйкес келуі.	3		3
3.	3 Тақырып. Дайын нобайды техникалық суретке түсіру.(ұзындығы,	3		3

	көлемі, негізгі жіптер саны, өрнек түрі және түсі)			
4.	4. Тақырып. Жобалық бұйымды дайындау: жұмысқа керекті жіптерді дайындау. Жіптің түрі мен түсін келтіру.	3		3
5.	5 Тақырып. Кілемдік композициялар. Композиция. Ковровые композиции. Негізгі композициялар.	3		3
6.	6 Тақырып.Түстер негізі. Негізгі, қосымша және өзара ұқсас түстер. Түстердің араласуы.Бұйымдағы түс. Композицияның негізгі заңы. Стилдік бірлікке жету. Нобайлау. Жеке нобайлау.	3		3
7.	7 Тақырып. Оқушыларды технология үрдісіне үйрету: негізгі жіптерді ауыстыру, тоқу технологиясы, кілем шетін байлау.	3		3
8.	7 Тақырып. Түкті кілемді дайындау. Бұрыштық тоқу түрлері.	3		3
9.	9Тақырып. Технологиялық операция түкті кілемнің бұрышын шығару.	3		3
10.	10 Тақырып. Технологиялық операция түкті кілемнің ортасын шығару.	3		3
11.	11 Тақырып. Технологиялық операция : шетін тоқу, түгін түзету және қию. Дайын бұйымды көрсету.	3		3
12	12 Тақырып. Қорытынды сабақ . Қорытынды есептік көрме. Ш. Абдуалиевтің «Қалалық қолөнер» диафильмін көру.	1		1

### Сыныптар бойынша бағдарламалық талаптар

Білім алушылар 1 жылдан кейінгі оқуда **білуі керек:**

- кілем тоқу өнерінің тарихы мен кілем тоқу өнерінің түрлері;
- қазақ ою-өрнектерінің түрлерін білу;
- станоктың құрылымын білу;
- станокта жұмыс істеу кезінде барлық негізгі операцияларды білу;
- жіптің түрі мен сипатын білу;



- еңбектің қауіпсіздік ережелері мен жеке гигиена ережелері.

### **Жасай білуі керек:**

- станокты жіптермен қосу;
- кілем тоқуда қолданылатын негізгі құралдармен жұмыс істеу;
- тоқымашылықтың негіздерін дайындау және тоқыма жіпті таңдау;
- эскиздер жасау, кілем және кілем бұйымдарын халық шығармашылығының дәстүрін өңдеудің қарапайым композицияларын өзбетінше жасау;
- бұйымға түстерді таңдау және үйлестіру;
- түксіз кілем матасының барлық этаптарын орындау.

Білім алушылар 2 жылдан кейінгі оқуда **білу керек:**

- Кілем бұйымдарының негізгі композициялары;
- Ою-өрнекті жасаудың негіздері;
- түстің негіздері;
- Түкті кілем матасының технологиясы.

### **Жасай білуі керек:**

- мата бұйымдарында жіпті үнемді жұмсау;
- бұйымдарда түстерді таңдау және үйлестіру;
- кілем бұйымының жеке жобасын дайындау, көрмеге көрсетуге бұйым жасау;
- түкті кілем маталарының барлық техникалық тәсілдерін игеру, шығарылған бұйымды өңдеудің операцияларын қоса білу.

### **Бақылау түрлері:**

Тесттік бақылау, бақылау жұмыстары, ғылыми жобаларға қатысу, көрмелерге қатысу.

### **Бағдарламаны жүзеге асыру шарттары:**

Берілген бағдарламаны орындау үшін келесі материалдық-техникалық заттар қажет:

1. Оқу бөлмесі
2. Техникалық оқу құралдары, аудио-видео құралдары.
3. Көрнекіліктер, оқулықтар, анықтама кітаптары.

### **Бағдарламаның әдістемелік қамтамасыз ету**

Кілем тоқу сабақтарының түрлері: топтық жұмыс және жеке жұмыс, тәжірибелік сабақтар, дайын бұйымдарды көру, компьютерлік – ақпараттық технологияларды қолдану; мұражайларға саяхат. Негізгі оқу түрі- оқушылардың оқу-тәжірибелік қызметі. Бағдарламада оқушылардың шығармашылық және жобалық жұмыстар жасауы белгіленген.

### **Қорытынды**

Бағдарламаның тәжірибелік маңызы оның балалардың кілем тоқуға деген құштарлықтарын ояту, шығармашылық жұмысқа тарту, оларды кілем тоқуға үйрету олардың сәндік- қолданбалы өнер туралы мағлұматтарын толықтыру адамгершілік қасиеттерін қалыптастыру. Бағдарлама кілем тоқу біліміндегі жоғарғы эстетикалық талғамды іске асыруға жағдай жасайды. Бұйымдарды жасау кезінде техникалық талаптармен бірге эстетикалық, экологиялық эргономикалық талаптарға да көңіл бөлінеді.

Бағдарлама бойынша Қызылорда қаласының қосымша білім беретін оқу-әдістемелік орталығы үш жыл көлемінде жұмыс жасаған.

### **Пайдаланылған әдебиеттер тізімі**

1. Ұ.М.Әбдіғаппарова. Қазақтың ұлттық ою-өрнектері.
2. Қазақтың тәлімдік ой-пікір антологиясы. 2-том.
3. Мектептегі технология журналдарының басылымдары.
4. А. Марғұлан. Казахское народное прикладное искусство. 2-том.
5. Дәстүрлі қазақ қалы өнері және ТІКА Арал аймағы қалы тоқу өнерін дамыту, жобасы.
6. С. Қасиманов. Қазақ халқының қолөнері.
7. К. Ибраева. Казахский орнамент.
8. Е. Каменова. Кемпірқосақтың түсі қандай.
9. Бейнелеу өнері – дидактикалық материалдар.
10. Технология – дидактикалық материалдар.
11. Ш. Әбдуәлиева. Халық қолөнері. Әдістемелік құрал.
12. С. Төленбаев., М. Өмірбекова. Қазақтың ою-өрнегінің жасалу жолдары.

## «Киіз өнері» үлгілік оқу бағдарламасы

### Түсіндірме жазба

Сәндік қолданбалы қолөнер бейнелеу өнеріндегі ұлттық көркем-шығармашылықтың негізі болып табылады. Сәндік қолданбалы қолөнер қандай уақытта болмасын халықтық дәстүр негізінде ұрпақтан - ұрпаққа мирас болып, уақыт озсада өшпей ізі жоғалмай бүгінгі күнге жетті.

Киіз басу өнері көне заманнан келе жатқан қолөнердің бірі. Киіз адамзат баласының ең алғаш тоқу - тоқыма өнерін үйренуден бұрын дамыған болса керек. Киіз басу белгілі бір шеберлікті қажет ететін күрделі үдеріс. Киізден тұрмысқа қажетті әртүрлі бұйымдар жасаумен қатар, оған оюлап, өрнек салудың табиғи ыңғайлылығын пайдалана отырып, сәндік қасиетін көне заманнан бері кеңінен қолданғанын білеміз.

Киіз басу – жүн талшықтарының өзара шиеленісіп өрілуі арқылы жүннен жасалатын бұйымдарды дайындау үрдісі болып табылады. Жүн илеуге жататын жалғыз талшық. Жүн талшықтары илеу барысында ылғалдылық пен жоғары температура кезінде механикалық әсерінен бір-бірімен өріледі және көлемі қысқарады.

Білім алушыларды осы өнер түрімен қызықтыру ұқыптылыққа, эстетикалық талғамдылыққа көркемдік білімділігінің дамуына әсерін тигізеді. Киіз басу бағдарламасы білім алушыны шығармашылық жұмысқа тарту арқылы танымдық қабілеттерін, қызығушылығын арттыру, белсенділігін қалыптастыру, өздігінен еңбек етуге дағдыландырып, іскерлігін дамытады.

Киіз басу өнері қазіргі уақытта жаңғыртылуда. Киіз басу өнері ойлау қабілетін, шығармашылық қиялды дамытуға ықпал етеді.

Киіз басу өнерінің туындылары мен бұйымдары қазақ халқының салт-дәстүрін, оның өмірлік түсінігін, әлемді қабылдауын, көркемдік тәжірибесін көрсетіп, тарихын сақтайды. Киіз басу өнерінің туындыларының бағалы екендігі оның тек табиғи дүние мен материалдық мәдениетті ұсынатынында емес, сонымен бірге олар мәдениет ескерткішетрі болып табылатындығында. Әсіресе қазіргі уақытта халық өнерінің маңыздылығы ұлғаюда.

Халық өнері өткенді қазіргі уақытпен жалғастырады, ұлттық көркем дәстүрлерді сақтай отырып, бұл заманауи көркем мәдениеттің таза бұлағы болып табылады. Дүние жүзінде аса күрделілігімен, қайталанбастығымен ерекшеленетін қолдан жасалатын жұмыстар жоғары бағаланады.

Берілген бағдарлама арқылы оқушылар киіз басу өнері сабақтарында көргені мен естігендерін ойлана отырып, өнер туындыларын бағалауды, шығармашылық жұмыстарды жасауды үйренеді. Бүгінгі күні халық өнері көркем мәдениеттің толыққанды бөлігі екендігі рас. Шығармашылықтың жеке түрі ретінде дамып, кәсіптік шеберлер өнерімен әрекет етеді.

Көркемөнер мектептерінің ұжымдары алдында күрделі де жауапты міндет тұр, ол – оқушылардың халық өнеріне қызығушылығын тәрибиелеу, өнімдік еңбекке қабілетін дамыту, оларды қажетті білім мен икемге қамтамасыз ету. Осыған байланысты, «Киіз басу өнері» бағдарламасы аса өзекті болып, анық тәжірибелік маңызға ие.

Халықтық сәндік қолданбалы өнердің басты ерекшеліктерінің бірі туындының қолдан жасалуы. Халық шеберлерінің әрбір бұйымы қайталанбас туынды, оған шебердің жан дүниесінің бір бөлігі, қолының жылуы берілген. Сәндік қолданбалы өнердің ұстанымдары мен шығармашылық әдістерін көркемөнер практикасында қалыптастыра

отырып, шеберден шеберге, ұрпақтан ұрпаққа беріліп отырады. Білім алудағы басты мәселелердің бірі шығармашылық қабілетті дамыту болып табылады. Әдістемелік әдебиеттердің талдауы бойынша, өнер балалардың шығармашылық деңгейінің дамуында әсері мол.

Өнер балалардың дүниені тануға, оны ұқыпты бақылауға және эстетикалық мәдениетінің дамуына, кеңістікті ойлауын дамытып, бейнені елестету қабілетін арттырып, табиғат әсемдігін тануға ықпал етіп, ойлау мен сезу икемділігін арттырады.

Бағдарлама екі (курс) оқу жылына есептелген. Оқушылардың жас ерекшеліктері 12-15 жас. Негізгі бөлімде қол өнерінің шығу тарихын, бұйымның жасалу әдісін, қолданатын материалдар мен құрал - жабдықтарын зерттейді және көркемдік бағытымен стилінің бейнелеу өнеріндегі әсерін, сонымен қатар салт-дәстүрлердің түрлерін оқып білуді ұсынады. Сәндік – қолданбалы қол өнердің

түрлері мен жасалу жолдары туралы мәлімет береді. Киіз басу әдістерін қолдана отырып, киім үлгілерін, киізден жасалған сырғалар, алқалар, білезіктер, сөмкелер, ұялы телефондарға арналған қапшаларды, аяқ киімдерді, т.б. бұйымдардың жасалу әдістерін ұсынады.

Білім берушілерді киіз басу өнеріне үйрету теориялық және тәжірибелік бөлімнен тұрады. Теориялық сұрақтарды шешу үшін сұлбалар мен суреттерді көрсету арқылы жаңа тақырыпты түсіндіру, әңгімелесу, дайын бұйымдарды көрсетудің конструктивтік түрлері, оларды көру және талқылау сияқты жұмыс әдістері пайдаланылады.

### **Бағдарламаны жүзеге асыру шарттары**

«Киіз басу өнері» бағдарламасы түсіндірме жазбадан, тақырыптық жоспарлардан, сонымен қатар оқушылар білімі мен икеміне берілген курс бойынша қойылатын талаптардан тұрады.

Бағдарлама тек оқушылардың нәтижесіне ғана емес, сонымен қатар өз қызметіне қызығушылық танытатын ұстаздың қолынан келеді. Нәтижеге жету үшін талмай жұмыс істеу, педагогтың жақсы тәжірибелік дайындығы, оның көркемдік қабілеті, шығармашылық еңбегі, өз жұмысын талдауы қажет.

Бағдарлама қазақ халқының қолданбалы өнерінің ұлттық ерекшеліктерін есепке алып жасалған. Бірінші оқу жылында оқушылар қарапайым заттар – моншақ, ойыншық, кішігірім панно жасауға болатын киіз басудың негізгі әдістері және тәсілдерімен танысады.

Екінші оқу жылының бағдарламасы материалдарды тереңірек өтуге негізделген. Жаңа шығармашылық композицияларды жасауға көп көңіл бөлінген. Оқушылар сабақтарда алынған білімдерін жетілдіреді, өз бұйымдарының эскиздерін жасайды, киізден бұйымдарды жасау шеберлігін жоғарлатады.

Жүзеге асыру мерзімі - 2 жыл.

Көлемі - 68 сағат.

**Оқу сағаттарын бөлу  
Бағдарламаның негізгі бөлімдері бойынша  
оқу-тақырыптық жоспары**

Бөлімдердің аталуы	Оқу жылы	
	1	2
	Сағат саны	
Кіріспе сабақ	2	
Ылғал киіз басу техникасы	14	
Аралас құрғақ және ылғал киіз басу	10	
Құрғақ киіз басу немесе фальцтеу техникасы	8	
Ылғал киіз басу техникасы		24
Аралас құрғақ және ылғал киіз басу		10
Жалпы	34	34

## **Пәннің мазмұны**

**Бағдарламаның мақсаты:** білім алушыны шығармашылық жұмысқа тарту арқылы танымдық қабілеттерін, ұлттық көркем шығармашылыққа қызығушылығын арттыру, жетістіктерін бағалап көрсету, белсенділігін қалыптастыру, өздігінен еңбек етуге дайындау, іскерлігін дамыту.

**Бағдарламаның міндеті:**

***Білімділігі:***

- Білім деңгейін жоғарылату, оқушылардың жан-жақты дамуына ықпал ету;
- қазақ халқының салт-дәстүрін дәріптеу, өнерге деген, эстетикалық; талғамын және шығармашылық көз қарасын кеңейту;
- өзіндік мамандануға жағдай жасау.

***Тәрбиелік:***

- оқушыларды осы өнер түрімен қызықтыру, ұқыптылыққа, еңбексүйгіштікке, сұлулықты қабылдау сезімін ояту, эстетикалық талғамдылыққа тәрбиелеу;
- қазақ халқының тұрмыс мәдениетін түсінуге, бағалауға дәріптеу;
- еңбек тәрбиесін қалыптастыру, қолданған заттарды үнемдеуге тәрбиелеу.

***Дамытушылық:***

- теориялық білімдерін сарамандық жұмыста пайдалана білу, оқушыларды өз бетінше ізденуге дағдыландыру, олардың ой-өрісін дамыту;
- оқушылардың шығармашылық іс-әрекетін дамыту, өмір шындығы мен кеңістікті ойлауын, образдық елестетуін және



қиялын дамытуға дұрыс бағдар беріп, бастаған істі аяқтауды дағдыландыру;

- Жұмыстың сапалы шығуына іс тәжірибе барысында талпындыру.

### **Негізгі бөлім**

Бағдарлама киіз басу өнері туралы тәжірибелік бағыт бағдар береді.

Бағдарламада өскелең ұрпақтың рухани байлығымен мәдениеттілігін, еркін ойлау қабылетімен, шығармашылығын, кәсіби біліктілігімен, білімділігін талап етеді.

Оқыту келесі педагогикалық принциптерге негізделеді:

- жеке басқа бағытталған;
- табиғи тиімділік;
- мәдени тиімділік;
- шешімдерді еркін таңдау және оларды жүзеге асыру;
- қарым-қатынас пен жауапкершілік;
- оқушылардың оқу материалдарын саналы түрде меңгеруі.

Оқу бағдарламасы тақырыптардың жай тапсырмадан күрделі тапсырмаға кезеңдер бойынша жұмыс жасауға бағытталған.

Сынып топтарындағы бала саны 12-15 оқушыдан асауы керек. Оқушылардың жасы - 12-15 жас.

Мұғалім бағдарлама бойынша шығармашылық тұрғыдан білім алушыларға нақты талаптарын түсіндіреді.

**Бағдарламаны қолданатын салалар:** Бағдарлама қосымша білім беру жүйесінде жастармен жұмыс істеуге арналған.

### **Сабақ тәртібі**

Апталық сағат саны: 1.

**Жүзеге асыру мерзімі** - 2 жыл.

**Көлемі:** 68 сағат.

***Нәтижелігін болжау***

Білім алушылар бірінші оқу жылынан кейін **білуі керек:**

- Киіз басу өнерінің тарихын.
- Қазақ оюларының түрін.
- Киізді өңдеу әдістерін.
- Еңбек қауіпсіздігі мен жеке гигиена ережелерін.

**Жасай алуы керек:**

- Жұмыс орнын дұрыс дайындау.
- Еңбек қауіпсіздігі мен жеке гигиена талаптарын сақтау.
- Киізді өңдеу.
- Бұйымдарды жасауға киізді дайындау.
- Бұйымдар эскизын жасау.
- Бұйымдарды шаблон бойынша дайындау.
- Алған білімін тәжірибе жүзінде қолдана білу.

Білім алушылар бірінші оқу жылынан кейін **білуі керек:**

- Киіз басу өнерінің тарихын.
- Қазақ оюларының түрін.
- Киізді өңдеу әдістерін.
- Еңбек қауіпсіздігі мен жеке гигиена ережелерін.

**Жасай алуы керек:**

- Жұмыс орнын дұрыс дайындау.
- Еңбек қауіпсіздігі мен жеке гигиена талаптарын сақтау.
- Киізді өңдеу.
- Бұйымдарды жасауға киізді дайындау.
- Бұйымдар эскизын жасау.
- Бұйымдарды шаблон бойынша дайындау.

- Алған білімін тәжірибе жүзінде қолдана білу.

## **Пәннің тақырыптық жоспары**

### **III курс**

#### **I жартыжылдық**

#### **I тақырып: Кіріспе**

III курста Қазақ қол өнерінің көркемдік ерекшеліктерін, киіздің шығу тарихын, жасалу әдісін, қолданатын материалдармен құрал-жабдықтарын зерттейді және көркемдік бағытымен стилінің бейнелеу өнеріндегі әсерін, сонымен қатар салт - дәстүрлердің түрлерін, оқып білуді ұсынады.

Тапсырма: Конспектілеу

Мақсаты: Сәндік – қолданбалы қолөнердің түрлері мен жасалу жолдарын қарастыру.

Міндеті: білім алушыларға жүннен жасалатын бұйымдар туралы толық мағлұмат беру,

#### **II тақырып: Киіз басу технологиясы. Жүннен жасалынатын бұйымдар. бұйым түрі: (моншақ,шашбау).**

Киіз басудың әр түрлі технологиялық жолдары. Жұмыс орнын ұйымдастыру. Техника қауіпсіздігін сақтау.

Тапсырма: Негізгі нобайдағы түстік композициялық шешімін анықтау. Жүннен домалақ түйіршіктерді илеу. Моншақтың композициялық шешімі.

Мақсаты: Білім деңгейін жоғарылату өнерге деген, эстетикалық талғамын және шығармашылық көз қарасын кеңейту. Киіз басудың әр түрлі технологиялық жолдары мен әдіс тәсілдерін үйрету.

Міндеті: Оқушылардың шығармашылық іс-әрекетін дамыту.

Қолданатын материалдар: Түрлі түске боялған жүн, сабын, су құятын табақ, гуашь, жіп, ине, акварель, қағаз.

Жұмыстың саны: Нобай-1

Дайын жұмыс-1

### **III тақырып: Көп қабатты киіз. Күрделі сәндік бұйымдар: Алқа, екі қатарлы моншақ.**

Ұлттық нақыштағы әшекей бұйымдармен танысу. Бекітілген тақырыптағы бұйымның табиғи көлемін, түстік шешімін көрсету. Жұмыс орнын ұйымдастыру. Күрделі сәндік бұйымдардың жасалу технологиясы. Техника қауіпсіздігі.

Тапсырма: Негізгі нобайдағы түстік композициялық шешімін анықтау. Жүннен домалақ түйіршіктерді илеу. Моншақтың композициялық шешімі.

Мақсаты: Жүнмен жұмыс істеу барысында көп қабатты киіздің басылу тәсілдерін меңгеру.

